Желі ортасында желілік параметрлерді оңай теңшеу үшін бірнеше бағдарлама бар. Атап айтқанда, желі әкімшісі желіде бірнеше құрылғыларды басқара алады.



- Төмендегі бағдарламаларды пайдаланудан бұрын IP мекенжайын орнатыңыз.
- Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

SyncThru™ Web Service

Желілік құрылғыға ендірілген веб-сервер келесі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді (390-беттегі "SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).

- Шығын материалдары туралы ақпаратты және күйде тексеру.
- Құрылғы параметрлерін бейімдеу.
- Электрондық поштамен хабарландыру параметрін орнату. Бұл параметрді орнатқанда, машинаның күйі (тонер картриджінің аяқталуы немесе машина қатесі) белгілі бір адамның электрондық поштасына автоматты түрде жіберіледі.
- Өр түрлі желілік орталарға қосылу үшін құрылғыға қажет желі параметрлерін теңшеу.

SyncThru™ Web Admin Service

Желі әкімшілеріне арналған құрылғыны Интернет арқылы басқару мүмкіндігі. SyncThru™ Web Admin Service желі құрылғыларын басқарудың тиімді жолын ұсынады және интернет арқылы кез келген сайт арқылы қашықтан басқаруға және ақауларды түзетуге мүмкіндік береді.

- Бұл бағдарламаны <http://solution.samsungprinter.com> торабынан жүктеп алыңыз.

SetIP сымды желіні орнату

Бұл қызметтік бағдарлама желі интерфейсін таңдауға және TCP/IP протоколымен бірге пайдалану үшін IP мекенжайларын қолмен конфигурациялауға мүмкіндік береді.

- 220-беттегі "SetIP бағдарламасын пайдаланып, IPv4 протоколды теңшеу (Windows)" қараңыз.
- 220-беттегі "SetIP бағдарламасын пайдаланып, IPv4 протоколды теңшеу (Mac)" қараңыз.
- 222-беттегі "SetIP бағдарламасын пайдаланып, IPv4 протоколды теңшеу (Linux)" қараңыз.




- Желілік портты қолдамайтын құрылғыда бұл мүмкіндікті пайдалану мүмкін болмайды (25-беттегі "Артқы көрінісі" бөлімін қараңыз).
- Бағдарлама TCP/IPv6 қолдамайды.



Сымды желіні орнату

Желі конфигурациясы есебін басып шығару

Машинаның басқару тақтасынан машинаның ағымдағы желілік параметрлерін көрсететін **желі теңшелімі туралы есепті** басып шығара аласыз. Бұл желіні орнатуға көмектеседі.



- Мәзірлерге қатынасу әр модельде әр түрлі болуы мүмкін (41-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).
- Кейбір модельдерде төмен деңгейдегі мәзірлерді шолу үшін **OK** түймесін басу қажет болуы мүмкін.

- **Машинаның дисплей экраны бар:** Басқару тақтасында  (Menu) түймесін басып, **Сетевой > Конфигурация сети** таңдаңыз.
- **Машинаның сенсорлық экраны бар:** Сенсорлық экранда  (Настройка) түймешігін басып > **Настройка устройства > Далее > Отчеты > Конфигурация сети** тармағына өтіңіз.

Осы **желі теңшелімі туралы есепті** пайдаланып, машинаның MAC мекенжайын және IP мекенжайын таба аласыз.

Мысалы:

- MAC мекенжай: 00:15:99:41:A2:78
- IP мекенжай: 169.254.192.192

IP мекенжайды орнату



- Желілік интерфейсті қолдамайтын құрылғыда бұл мүмкіндікті пайдалану мүмкін болмайды (25-беттегі "Артқы көрінісі" бөлімін қараңыз).
- Бағдарлама TCP/IPv6 қолдамайды.

Алдымен желілік басып шығару мен басқару үшін IP мекенжайын орнатуыңыз керек. Көп жағдайда жаңа IP мекенжайы желідегі DHCP (Динамикалық хост конфигурация протоколы) серверіне автоматты түрде тағайындалады.


Сымды желіні орнату

SetIP бағдарламасын пайдаланып, IPv4 протоколды теңшеу (Windows)

SetIP бағдарламасын пайдалану алдында **Басқару тақтасы > Центр обеспечения безопасности > Windows желіаралық дидаары** тармағында компьютердің брандмауэрын ажыратыңыз.



Мына нұсқаулар модельге байланысты өзгешеленуі мүмкін.

- 1 Samsung веб-торабынан бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алыңыз, содан кейін оны ашып, орнатыңыз: (<http://www.samsung.com> > өнімді табу > Қолдау немесе Жүктеулер).
- 2 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.
- 3 Құрылғыны желіге желілік кабельмен қосыңыз.
- 4 Құрылғыны өшіріңіз.
- 5 Windows жүйесінің **Бастау** мәзірінен **Барлық бағдарламаларда > Samsung Printers > SetIP > SetIP** тармағын таңдаңыз.
- 6 SetIP терезесіндегі  белгішесін нұқып, TCP/IP теңшеу терезесін ашыңыз.

7

Теңшеу терезесіне машинаның жаңа ақпаратын енгізіңіз. Қауымдық интражеліде жалғастыру алдында бұл ақпаратты желілік менеджерж тағайындауы керек болуы мүмкін.



Желі теңшелімі туралы есепте машинаның MAC мекенжайын табыңыз (219-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" бөлімін қараңыз) және оны қос нүктелерсіз енгізіңіз. Мысалы, 00:15:99:29:51:A8 мекенжайы 0015992951A8 түріне айналады.

8

Применить түймесін, содан кейін **ОК** түймесін басыңыз. Құрылғы автоматты түрде **Желілік теңшелім туралы есепті** басып шығарады. Барлық параметрлер дұрыс екенін растаңыз.

SetIP бағдарламасын пайдаланып, IPv4 протоколды теңшеу (Mac)


SetIP бағдарламасын пайдалану алдында **System Preferences > Security > Firewall** тармағында компьютердің брандмауэрын ажыратыңыз.



Мына нұсқаулар модельге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

Сымды желіні орнату


- 1 Құрылғыны желіге желілік кабельмен қосыңыз.
- 2 Қос берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетекке енгізіңіз.



- 3 Мас жұмыс үстелінде шығатын CD-ROM белгішесін екі рет басыңыз.
 - Мас OS X 10.8 үшін Finder экранында пайда болатын CD-ROM екі рет нұқыңыз.
- 4 **MAC_Installer** қалтасы > **Installer OS X** белгішесін екі рет нұқыңыз.
- 5 **Continue** түймесін басыңыз.
- 6 Лицензиялық келісім-шартты оқыңыз және **Continue** түймесін басыңыз.
- 7 Лицензиялық келісім-шартпен келісі үшін **Agree** түймесін басыңыз.

- 8 **Install** түймесін басыңыз. Құрылғы жұмысына қажетті барлық құрылғылар орнатылады.

Егер **Customize** пәрменін таңдасаңыз, орнату үшін жеке құрамдастарды таңдай аласыз.

- 9 Құпиясөзді енгізіңіз және **OK** түймесін басыңыз.
- 10 Компьютерде барлық бағдарламалар жабылатыны туралы ескертетін хабар шыққанда, **Continue** пәрменін таңдаңыз.
- 11 **Printer Connection Type** экранындағы **Network Connected Printer(Wired or Wireless)** тармағын таңдаңыз да, **Set IP Address** түймесін басыңыз.
- 12 SetIP терезесіндегі  белгішесін нұқып, TCP/IP теңшеу терезесін ашыңыз.
- 13 Теңшеу терезесіне машинаның жаңа ақпаратын енгізіңіз. Қауымдық интражеліде жалғастыру алдында бұл ақпаратты желілік менеджр тағайындауы керек болуы мүмкін.



Желі теңшелімі туралы есепте машинаның MAC мекенжайын табыңыз (219-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" бөлімін қараңыз) және оны қос нүктелерсіз енгізіңіз. Мысалы, 00:15:99:29:51:A8 мекенжайы 0015992951A8 түріне айналады.

Сымды желіні орнату

- 14** **Apply** түймесін, содан кейін **OK** түймесін басыңыз. Құрылғы автоматты түрде **Желілік теңшелім туралы есепті** басып шығарады. Барлық параметрлер дұрыс екенін растаңыз.

SetIP бағдарламасын пайдаланып, IPv4 протоколды теңшеу (Linux)

SetIP бағдарламасын пайдалану алдында **System Preferences** немесе **Administrator** тармағында компьютердің брандмауэрын ажыратыңыз.



Төмендегі нұсқаулар модельге немесе амалдық жүйелерге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

- 1** `/opt/Samsung/mfp/share/utils/` тармағын ашыңыз.
- 2** `SetIPApplet.html` файлын екі рет басыңыз.
- 3** TCP/IP конфигурация терезесін ашу үшін басыңыз.
- 4** Теңшеу терезесіне машинаның жаңа ақпаратын енгізіңіз. Қауымдық интражеліде жалғастыру алдында бұл ақпаратты желілік менеджр тағайындауы керек болуы мүмкін.



Желі теңшелімі туралы есепте машинаның MAC мекенжайын табыңыз (219-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" бөлімін қараңыз) және оны қос нүктелерсіз енгізіңіз. Мысалы, 00:15:99:29:51:A8 мекенжайы 0015992951A8 түріне айналады.

- 5** Құрылғы автоматты түрде **Желілік теңшелім туралы есепті** басып шығарады.


Желі арқылы драйверді орнату



- Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).
- Желілік интерфейсті қолдамайтын құрылғыда бұл мүмкіндікті пайдалану мүмкін болмайды (25-беттегі "Артқы көрінісі" бөлімін қараңыз).
- Бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетегіне енгізген кезде, принтер драйверін және бағдарламалық жасақтаманы орната аласыз. Терезелер үшін, **Выбор программ и утилит для установки** терезесінде принтер драйвері мен бағдарламалық жасақтаманы таңдаңыз.

Windows

- 1 Құрылғының желіге қосылғанын және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Сонымен бірге, машинаның IP мекенжайын орнату керек (219-беттегі "IP мекенжайды орнату" бөлімін қараңыз).
- 2 Қос берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетекке енгізіңіз.



Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Бастау > Барлық бағдарламаларда > Қалыпталған > Іске қосу** нұқыңыз.

X:\Setup.exe деп "X" әрпінің орнына дискжетектің әрпін теріп **OK** түймесін басыңыз.

- Windows 8 жүйесінде
Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу > Apps(Apps)** таңдап, **Іске қосу** пәрменін іздеңіз. X:\Setup.exe деп «X» әрпінің орнына CD-ROM дискжетектің әрпін теріп, **OK** түймесін басыңыз.

Егер **"Осы дискпен әрекетті таңдау үшін түрту."** қалқымалы терезесі пайда болса, терезені басыңыз және **Run Setup.exe** жолын басыңыз.

- 3 Орнату терезесіндегі орнату келісім-шарттарын қараңыз және қабылдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 4 **Сетевое подключение** экранындағы **Тип подключения принтера** тармағын таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 5 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Желі арқылы драйверді орнату

Windows 8 Бастау экранынан



- Егер компьютер Интернетке қосылған болса, V4 драйвері Windows Update торабынан автоматты түрде жүктеледі. Олай болмаса, V4 драйверін Samsung веб-торабынан қолмен жүктеуіңізге болады, www.samsung.com > өнімді табу > Қолдау немесе Жүктеулер.
- **Samsung Printer Experience** бағдарламасын **Windows Қоймалар** қызметінен жүктей аласыз. Windows**Store(Қоймалар)** қызметін пайдалану үшін сізде Microsoft тіркелгісі болуы керек.
 - a Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу** таңдаңыз.
 - b Store(Қоймалар)** түймесін басыңыз.
 - c Samsung Printer Experience** бағдарламасын іздеп, басыңыз.
 - d Установить** түймесін басыңыз.
- Егер драйверді берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін пайдалану арқылы орнатсаңыз, V4 драйвері орнатылмайды. Егер сіз V4 драйверін **Жұмыс үстелі** экранында пайдаланғыңыз келсе, Samsung веб-торабынан жүктеуіңізге болады, www.samsung.com > өнімді табу > Қолдау немесе Жүктеулер.
- Егер Samsung принтерінің басқару құралдарын орнатқыңыз келсе, оларды берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін пайдаланып орнатуыңыз қажет.

1 Құрылғының желіге қосылғанын және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Сонымен бірге, машинаның IP мекенжайын орнату керек (219-беттегі "IP мекенжайды орнату" бөлімін қараңыз).

2 **Charms(Charms)** бөлімінен, **Параметрлер > ДК параметрлерін өзгерту > Құрылғы** тармағын таңдаңыз.

3 **Құрылғы қосу** түймесін басыңыз.

Табылған құрылғылар экранға шығады.

4 Пайдаланғыңыз келген модель атын немесе хост атауын басыңыз.



Машинаның басқару тақтасынан машинаның ағымдағы хост атауын көрсететін "Желі теңшелімі туралы есепті" басып шығара аласыз (219-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" бөлімін қараңыз).

5 Драйвер **Windows Update** торабынан автоматты түрде орнатылады.

Желі арқылы драйверді орнату

Тыныш орнату режимі

Тыныш орнату режимі – ешбір пайдаланушы араласуын қажет етпейтін орнату әдісі. Орнатуды бастағанда, құрылғы драйвері мен бағдарламалық құрал компьютерге автоматты түрде орнатылады. Тыныш орнатуды пәрмен терезесінде **/s** немесе **/S** енгізіп бастауға болады.


Пәрмен жолының параметрлері

Келесі кестеде пәрмен терезесінде пайдалануға болатын пәрмендер көрсетілген.




Келесі пәрмен жолы пәрмен **/s** немесе **/S**. таңбаларымен бірге пайдаланғанда тиімді және іске қосылады. Бірақ **/h**, **/H** or **/?** тек басқаруға болатын ерекше пәрмендер.

Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
/s немесе /S	Тыныш орнатуды бастайды.	Ешбір пайдаланушылық интерфейсті немесе пайдаланушы араласуын шақырмай құрылғы драйверлерін орнатады.

Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
/p"<port name>" немесе /P"<port name>"	Принтер портын көрсетеді.  Желілік порт стандартты TCP/IP порт мониторын пайдалана отырып жасалады. Жергілікті порт үшін бұл порт жүйеде пәрмен арқылы көрсетуден бұрын болуы керек.	Принтер портының атауын IP мекенжайы, хост атауы, жергілікті USB портының атауы, IEEE1284 портының атауы немесе желілік жол ретінде көрсетуге болады. Мысалы: <ul style="list-style-type: none">/p"xxx.xxx.xxx.xxx" мұндағы "xxx.xxx.xxx.xxx" желілік принтердің IP мекенжайын білдіреді. /p"USB001", /P"LPT1:", /p"hostname"/p«\computer_name\shared_printer» немесе «\xxx.xxx.xxx.xxx\shared_printer», мұндағы «\computer_name\shared_printer» немесе «\xxx.xxx.xxx.xxx\shared_printer» екі қиғаш сызықты, компьютер атауын немесе принтерді ортақ пайдаланатын компьютердің жергілікті IP мекенжайын, содан кейін принтердің ортақ атауын енгізу арқылы принтердің желілік жолын білдіреді.

Желі арқылы драйверді орнату

Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
/a"<dest_path>" немесе / A"<dest_path>"	Орнату үшін мақсатты жолды көрсетеді.  Мақсатты жол толығымен жарамды жол болуы керек.	Құрылғы драйверлерін тек амалдық жүйеге сай орынға орнату керек болғандықтан, бұл пәрмен тек қолданбалы бағдарламалық құралға қолданылады.
/n"<Printer name>" немесе /N"<Printer name>"	Принтер атауын көрсетеді. Принтер данасын көрсетілген принтер атауы ретінде жасау керек.	Бұл параметр көмегімен қалағаныңызша принтер даналарын қоса аласыз.
/nd немесе /ND	Орнатылған драйверді әдепкі құрылғы драйвері етіп орнатпауға пәрмен береді.	Бұл орнатылған құрылғы драйвері бір немесе одан көп принтер драйверлері орнатылған болса, орнатылған құрылғы драйвері жүйедегі әдепкі құрылғы драйвері болмайтынын көрсетеді. Жүйеде құрылғы драйвері орнатылмаған болса, онда бұл параметр қолданылмайды, өйткені Windows амалдық жүйесі орнатылған принтер драйверін әдепкі құрылғы драйвері ретінде орнатады.


Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
/x немесе /X	Әлдеқашан орнатылған болса, принтер данасын жасау үшін бар құрылғы драйверінің файлдарын пайдаланады.	Бұл пәрмен қосымша драйверді орнатусыз орнатылған принтер драйверінің файлдарын пайдаланатын принтер данасын орнату жолын қамтамасыз етеді.
/up"<printer name>" немесе /UP"<printer name>"	Драйвер файлдарын емес, ал тек көрсетілген принтер данасын жояды.	Бұл пәрмен басқа принтер драйверлеріне әсер етпестен, жүйеден тек көрсетілген принтер данасын жою жолын береді. Ол жүйеден принтер драйверінің файлдарын жоймайды.
/d немесе /D	Жүйеден бүкіл құрылғы драйверлерін және бағдарламаларды жояды.	Бұл пәрмен жүйеден барлық орнатылған құрылғы драйверлерін және қолданбалы бағдарламалық жасақтаманы жояды.
/v"<ортақ атау>" немесе /V"<ортақ атау>"	Орнатылған құрылғыны ортақ пайдаланады және Point & Print үшін басқа қол жетімді платформа драйверлерін қосады.	Ол жүйеге барлық қолдау көрсетілетін Windows платформасының құрылғы драйверлерін орнатады және оны көрсетілген point and print <ортақ атаумен> ортақ пайдаланады.

Желі арқылы драйверді орнату

Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
/o немесе /O	Орнатудан кейін Принтеры и факсы қалтасын ашады.	Бұл пәрмен тыныш орнатудан кейін Принтеры и факсы қалтасын ашады.
/h, /H немесе /?	Пәрмен жолын пайдалануды көрсетеді.	

Mac

- 1 Құрылғының желіге және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
- 2 Қос берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетекке енгізіңіз.



- 3 Mac жұмыс үстелінде шығатын CD-ROM белгішесін екі рет басыңыз.
 - Mac OS X 10.8 үшін **Finder** экранында пайда болатын CD-ROM екі рет нұқыңыз.
- 4 **MAC_Installer** қалтасы > **Installer OS X** белгішесін екі рет нұқыңыз.
- 5 **Continue** түймесін басыңыз.
- 6 Лицензиялық келісім-шартты оқыңыз және **Continue** түймесін басыңыз.
- 7 Лицензиялық келісім-шартпен келісі үшін **Agree** түймесін басыңыз.
- 8 **Install** түймесін басыңыз. Құрылғы жұмысына қажетті барлық құрылғылар орнатылады.

Егер **Customize** пәрменін таңдасаңыз, орнату үшін жеке құрамдастарды таңдай аласыз.
- 9 Құпиясөзді енгізіңіз және **OK** түймесін басыңыз.
- 10 **Printer Connection Type** экранындағы **Network Connected Printer(Wired or Wireless)** тармағын таңдаңыз да, **Continue** түймесін басыңыз.
- 11 Принтеріңізді таңдап, оны принтерлер тізімне қосу үшін **Add Printer** түймешігін басыңыз.

Желі арқылы драйверді орнату

- 12** IP басып, **Protocol** қойындысынан **HP Jetdirect - Socket** таңдаңыз.
- 13** **Address** енгізу өрісіне құрылғының IP мекенжайын енгізіңіз.
- 14** **Queue** енгізу өрісіне кезектің атауын енгізіңіз. Құрылғы сервері үшін кезектің атауын анықтай алмасаңыз алдымен әдепкі кезекті пайдаланып көріңіз.
- 15** Auto Select дұрыс жұмыс істемесе, **Select Printer Software** пәрменін және **Print Using** ішінде машинаның атауын таңдаңыз.
- 16** **Add** түймесін басыңыз.
- 17** Орнату аяқталғанда **Close** пәрменін таңдаңыз.

Linux

Принтердің бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін Samsung веб-торабына Linux бағдарламалық жасақтама бумаларын қотару керек (<http://www.samsung.com> > өнімді табу > Қолдау немесе Жүктеулер).

Linux драйверін орнату және желілік принтерді қосу

- 1** Құрылғының желіге және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар құрылғының IP мекенжайы орнатылуы керек.
- 2** Samsung веб-торабына Unified Linux Driver (Ортақ Linux драйвері) бумасын жүктеп алыңыз.
- 3** UnifiedLinuxDriver.tar.gz файлын шығарып алыңыз және жаңа каталогты ашыңыз.
- 4** **cdroot > autorun** тармағын екі рет басыңыз.
- 5** Samsung орнатушы терезесі ашылады. **Next** түймесін басыңыз.
- 6** Принтерді қосу шеберінің терезесі ашылады. **Next** түймесін басыңыз.
- 7** Желілік принтерді таңдаңыз және **Search** түймесін басыңыз.
- 8** Машинаның IP мекенжайы және модель атауы тізім өрісінде шығады.
- 9** Құрылғыны таңдап **Next** түймесін басыңыз.
- 10** Принтердің сипаттамасын енгізіп, **Next** түймесін басыңыз.
- 11** Машинаны қосқаннан кейін **Finish** түймесін басыңыз.

Желі арқылы драйверді орнату

12 Орнату аяқталғанда **Finish** түймесін басыңыз.

Желілік принтерді қосу

- 1 **Unified Driver Configurator** екі рет басыңыз.
- 2 **Add Printer.** пәрменін таңдаңыз.
- 3 **Add printer wizard** терезесі ашылады. **Next** түймесін басыңыз.
- 4 **Network printer** түймесін және **Search** түймесін басыңыз.
- 5 Тізім өрісінде принтердің IP мекенжайы мен моделі шығады.
- 6 Құрылғыны таңдап **Next** түймесін басыңыз.
- 7 Принтердің сипаттамасын енгізіп, **Next** түймесін басыңыз.
- 8 Машинаны қосқаннан кейін **Finish** түймесін басыңыз.

UNIX



- UNIX принтер драйверін орнату алдында құрылғының UNIX операциялық жүйесін қолдайтынын тексеріңіз (9-беттегі "Операциялық жүйе" бөлімін қараңыз).
- Пәрмендер "" етіп белгіленген, пәрмендерді теру кезінде "" термеңіз.
- Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Операциялық жүйе" бөлімін қараңыз).

UNIX принтер драйверін пайдалану үшін алдынмен UNIX принтер драйверінің бумасын, содан кейін принтерді орнату керек. UNIX принтер драйвері бумасын Samsung веб-торабынан қотаруға болады (<http://www.samsung.com> > өнімді табу > Қолдау немесе Жүктеулер).

UNIX принтер драйвері бумасын орнату

Орнату іс-рәсімі барлық аталған UNIX амалдық жүйе нұсқаларында бірдей.

Желі арқылы драйверді орнату

1 Samsung веб-торабынан UNIX принтер драйвері бумасын компьютерге қотарыңыз және ашыңыз.

2 Түбірлік артықшылықтарды алыңыз.

“su -”

3 Тиісті драйвер мұрағатын мақсатты UNIX компьютеріне көшіріңіз.



Егжей-тегжейлерді алу үшін UNIX амалдық жүйесінің басқару нұсқаулығын қараңыз.

4 UNIX принтер драйвері бумасының мұрағатын ашыңыз.

Мысалы, IBM AIX жүйесінде келесі пәрмендерді пайдаланыңыз.

“**gzip -d < бума атауын енгізіңіз | tar xf -**”

5 мұрағаттан шығарылған каталог.

6 Орнату сценарийін іске қосыңыз.

“**./install -i**”

install – UNIX принтер драйвері бумасын орнату немесе жою үшін пайдаланылатын орнатушы сценарий файлы.

Орнату сценарийіне рұқсат ету үшін «**chmod 755 install**» пәрменін пайдаланыңыз.

7 Бүкіл буманы жою үшін «**./install -c**» пәрменін орындаңыз.

8 Пәрмен жолында “**installprinter**” орындаңыз. **Add Printer Wizard** терезесі шығады. Келесі іс рәсімдерді орындап, осы терезеде принтерді теңшеңіз.



Кейбір UNIX амалдық жүйелерінде, мысалы, Solaris 10 жүйесінде жаңа ғана қосылған принтерлер қосылмауы және/немесе тапсырмаларды қабылдамауы мүмкін. Бұл жағдайда root терминалында келесі екі пәрменді орындаңыз:

“**accept <printer_name>**”

“**enable <printer_name>**”

Принтер драйверлері бумасын жою



Жүйеде орнатылған принтерді жою үшін қызметтік бағдарламаны пайдалану керек.

a Терминалда «**uninstallprinter**» пәрменін орындаңыз.

Uninstall Printer Wizard шебері ашылады.

Орнатылған принтерлер ашылмалы тізімде көрсетіледі.

b Жою керек принтерді таңдаңыз.

c Принтерді жүйеден жою үшін **Delete** пәрменін таңдаңыз.

d Бүкіл буманы жою үшін «**./install -d**» пәрменін орындаңыз.

e Жою нәтижелерін тексеру үшін «**./install -c**» пәрменін орындаңыз.

Желі арқылы драйверді орнату

Оны қайта орнату үшін екілік файлдарды қайта орнату үшін «. /install -i» пәрменін пайдаланыңыз.

Принтерді орнату

UNIX жүйесіне принтерді қосу үшін пәрмен жолынан «installprinter» пәрменін орындаңыз. Add Printer Wizard терезесі шығады. Келесі іс рәсімдерді орындап, осы терезеде принтерді теңшеңіз:

- 1 Принтердің атауын енгізіңіз.
- 2 Модельдер тізімінде тиісті принтер моделін таңдаңыз.
- 3 **Type** өрісіне принтер түріне сәйкес кез келген сипаттаманы енгізіңіз. Бұл міндетті емес.
- 4 **Description** өрісінде кез келген принтер сипаттамасын көрсетіңіз. Бұл міндетті емес.
- 5 **Location** өрісінде принтердің орнын көрсетіңіз.
- 6 Желіге қосылған принтерлер үшін **Device** мәтін ұясында принтердің IP мекенжайын немесе DNS атауын енгізіңіз. **jetdirect Queue type** бар IBM AIX жүйесінде тек DNS атауына рұқсат етілген, сандық IP мекенжайға тыйым салынған.
- 7 **Queue type** қосылымды сәйкес тізімді жолақта **lpd** немесе **jetdirect** ретінде көрсетіледі. Бұған қоса, Sun Solaris OS жүйесінде **usb** түрі бар.

- 8 Көшірмелердің санын орнату үшін **Copies** пәрменін таңдаңыз.
- 9 Сұрыпталған көшірмелерді алу үшін **Collate** параметріне құсбелгі қойыңыз.
- 10 Көшірмелерді кері ретпен алу үшін **Reverse Order** параметріне құсбелгі қойыңыз.
- 11 Принтерді әдепкі ретінде орнату үшін **Make Default** параметріне құсбелгі қойыңыз.
- 12 Принтерді қосу үшін **OK** түймесін басыңыз.

IPv6 конфигурациясы



IPv6 протоколына тек Windows Vista немесе одан жоғары жүйелер қолдау көрсетеді.



Модельге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер және қосымшалар қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" немесе 41-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).

Машина желіде басып шығару және басқару үшін келесі IPv6 мекенжайларын қолдайды.

- **Link-local Address:** Өзі конфигурацияланатын жергілікті IPv6 мекенжайы (Мекенжай FE80 деп басталады).
- **Stateless Address:** Желі маршрутизаторы арқылы автоматты түрде конфигурацияланған IPv6 мекенжайы.
- **Stateful Address:** DHCPv6 сервері арқылы конфигурацияланған IPv6 мекенжайы.
- **Manual Address:** Пайдаланушы арқылы конфигурацияланатын IPv6 мекенжайы.

IPv6 желісінде IPv6 мекенжайын пайдалану үшін мына процедураны орындаңыз.

Басқару панелінен

IPv6 мүмкіндігін іске қосу




- Мәзірлерге қатынасу әр модельде әр түрлі болуы мүмкін (41-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).
- Кейбір модельдерде төмен деңгейдегі мәзірлерді шолу үшін **OK** түймесін басу қажет болуы мүмкін.

1

Басқару тақтасында  (Menu) > **Сетевой** > **TCP/IP (IPv6)** > **Протокол IPv6** таңдаңыз.

НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда

 (Настройка) > **Настройка устройства** > **Далее** > **Настройка сети** > **TCP/IP (IPv6)** > **Протокол IPv6** тармағына өтіңіз.

2

Вкл. пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда көрсеткілерді пайдаланып **Вкл.** күйін таңдаңыз.

3

Құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.

IPv6 конфигурациясы



Принтер драйверін орнату кезінде IPv4 және IPv6 екеуін де баптаудың қажеті жоқ. Не IPv4 не IPv6 теңшеу ұсынылады.

DHCPv6 мекенжайын теңшеу

Желіде DHCPv6 сервер болса, әдепкі динамикалық түйін теңшелімі үшін келесі параметрлердің біреуін орната аласыз.




- Мәзірлерге қатынасу әр модельде әр түрлі болуы мүмкін (41-беттегі "Мәзірді шолу" бөлімін қараңыз).
- Кейбір модельдерде төмен деңгейдегі мәзірлерді шолу үшін **OK** түймесін басу қажет болуы мүмкін.


1 Басқару тақтасында  (**Menu**) > **Сетевой** > **TCP/IP (IPv6)** > **Конфиг. DHCPv6** таңдаңыз.

НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда

 (**Настройка**) > **Настройка устройства** > **Далее** > **Настройка сети** > **TCP/IP (IPv6)** > **Настройка DHCPv6** тармағына өтіңіз

2 Қажет мәнді таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлық экраны бар модель үшін көрсеткілерді пайдаланып қажет опцияны таңдаңыз және таңдауды сақтау үшін  (артқа) түймесін басыңыз.

- **Маршрутизатор:** DHCPv6 серверін тек маршрутизатор талап еткенде пайдаланыңыз.
- **Всегда:** DHCPv6 серверін маршрутизатор талабына қарамастан әрдайым пайдаланыңыз.
- **Никогда:** DHCPv6 серверін маршрутизатор талабына қарамастан ешқашан пайдаланбаңыз.

IPv6 конфигурациясы

SyncThru™ Web Service бағдарламасында

IPv6 мүмкіндігін іске қосу

- 1 Windows жүйесінен Internet Explorer сияқты веб-браузерге кіріңіз. Мекенжай жолағына құрылғының IP мекенжайын (http://xxx.xxx.xxx.xxx) енгізіп, Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.
- 2 Егер **SyncThru™ Web Service** бағдарламасына бірінші рет кіруіңіз болса, әкімші ретінде кіру керек. Төмендегі әдепкі идентификаторды және құпия сөзді енгізіңіз. Қауіпсіздік мақсаттарында әдепкі құпиясөзді ауыстыру ұсынылады.
 - **Идентификатор:** admin
 - **Пароль:** sec00000
- 3 **SyncThru™ Web Service** терезесі ашылғанда тінтуірдің меңзерін жоғарғы мәзір жолағының **Настройки** үстіне апарыңыз, содан кейін **Параметры сети** пәрменін таңдаңыз.
- 4 Веб-тораптың сол жақ тақтасында **TCP/IPv6** пәрменін таңдаңыз.
- 5 IPv6 протоколын белсендіру үшін **Протокол IPv6** құсбелгісін қойыңыз.
- 6 **Применить** түймесін басыңыз.

- 7 Құрылғыны өшіріп, қайта қосыңыз.



- DHCPv6 мүмкіндігі де орнатыла алады.
- IPv6 мекенжайын өз бетімен орнату үшін:
Ввод адреса вручную құсбелгісін қойыңыз. Содан кейін **Адрес/Префикс** мәтін ұясы белсендіріледі. Мекенжайдың қалған бөлігін енгізіңіз (мысалы, :3FFE:10:88:194::**AAAA**. бұл жерде «A» — 0 мен 9, A және F аралығындағы он алтылық сан).

IPv6 мекенжай конфигурациясы

- 1 URL мекенжайы ретінде IPv6 мекенжайын қолдайтын Internet Explorer сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз.
- 2 **Желі теңшелімі есебінде** IPv6 мекенжайларының біреуін таңдаңыз (**Link-local Address, Stateless Address, Stateful Address, Manual Address**) (219-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" бөлімін қараңыз).
 - **Link-local Address:** Өзі конфигурацияланатын жергілікті IPv6 мекенжайы (Мекенжай FE80 деп басталады).
 - **Stateless Address:** *Желі маршрутизаторы арқылы автоматты түрде конфигурацияланған IPv6 мекенжайы.
 - **Stateful Address:** DHCPv6 сервері арқылы конфигурацияланған IPv6 мекенжайы.

IPv6 конфигурациясы

- **Manual Address:** Пайдаланушы арқылы конфигурацияланатын IPv6 мекенжайы.

3 IPv6 мекенжайларды енгізіңіз (мысалы, : http:// [FE80::215:99FF:FE66:7701]).



Мекенжай '[']' жақшаға алынуы керек.

Сымсыз желіні орнату




- Машинаның сымсыз желіні қолдайтынын тексеріңіз. Модельге байланысты сымсыз желі қол жетімді емес болуы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).
- IPv6 желісі жұмыс істемесе, барлық желі параметрлерін зауыттық әдепкі мәндерге орнатып, **Сброс настроек** пәрменін пайдаланып көріңіз.

Жұмысты бастау


Желі түрін түсіну

Әдетте, компьютер мен құрылғының арасында бір уақытта тек бір қосылым бола алады.



инфрақұрылым режимі

Бұл орта әдетте үйде және үй кеңселерінде (кішігірім кеңсе/ үй кеңсесі) пайдаланылады. Бұл режим сымсыз құрылғымен байланысу үшін қатынас орнын пайдаланады.



Арнайы режим

Бұл режим қатынас орнын пайдаланбайды. Сымсыз компьютер және сымсыз құрылғы тікелей байланысады.

Сымсыз желі атауы және желілік құпия сөз

Сымсыз желілер жоғарырақ қауіпсіздікті қажет етеді, сондықтан қатынас орнын бірінші рет орнатқанда желі үшін желі атауы (SSID), пайдаланылатын қауіпсіздік түрі және желі құпия сөзі жасалады. Құрылғының орнатылуын жалғастырудың алдында желілік өкімшіңізден бұл ақпарат туралы сұраңыз.

Сымсыз желіні орнату

Сымсыз орнату тәсілдерін ұсыну

Сымсыз желі параметрлерін құрылғыдан немесе компьютерден орнатуға болады. Төменгі кестеден орнату тәсілін таңдаңыз.



Модельге немесе елге байланысты кейбір сымсыз желі орнатымының түрлері қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бетін қараңыз).

Орнату тәсілі	Қосылу әдісі	Сипаттама және анықтама
Қатынасу нүктесімен	Компьютерден	Windows пайдаланушысы болсаңыз, 243-беттегі "USB кабелі арқылы қатынас орны (ұсынылады)" қараңыз.
		Mac пайдаланушысы болсаңыз, 249-беттегі "USB кабелі арқылы қатынас орны (ұсынылады)" қараңыз.
		254-беттегі "Желілік кабельді пайдалану" қараңыз.
Қатынасу нүктесіз	Машинаның басқару тақтасында	• 239-беттегі "Дисплей экраны бар машиналар" қараңыз.
		• 240-беттегі "Дисплей экраны жоқ құрылғылар" қараңыз.
		242-беттегі "Мәзір түймесін пайдалану" қараңыз.
Қатынасу нүктесіз	Компьютерден	Windows пайдаланушысы болсаңыз, 246-беттегі "USB арқылы Ad hoc" қараңыз.
		Mac пайдаланушысы болсаңыз, 251-беттегі "USB арқылы Ad hoc" қараңыз.
		Wi-Fi Direct баптауы




- Егер сымсыз желіні орнату немесе драйверді орнату кезінде мәселелер пайда болса, ақаулықтарды жою тарауын қараңыз (260-беттегі "Сымсыз желінің ақаулықтарын жою" бөлімін қараңыз).
- Қатынас нүктелеріне құпия сөз орнату табанды түрде ұсынылады. Егер Қатынас нүктелеріне құпия сөз орнатпасаңыз олар компьютерлер, смартфондар және принтерлерді қосқандағы белгісіз құралдардан заңсыз қатынасуға ұшырауы мүмкін. Құпия сөз параметрлерін Қатынас нүктесі пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Сымсыз желіні орнату

WPS түймесін пайдалану

Егер құрылғы және қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) қолдаса, басқару тақтасында компьютерсіз

 (WPS) түймесін басу арқылы сымсыз желі параметрлерін оңай теңшей аласыз.




- Егер сымсыз желіні инфрақұрылым режимін пайдаланып пайдалану керек болса, желілік кабель құрылғыдан ажыратылғанын тексеріңіз. Ену нүктесіне (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылу үшін **WPS (PBC)** түймесін пайдалану немесе компьютерден PIN кодты енгізу пайдаланып жатқан ену нүктесіне (немесе сымсыз маршрутизаторға) байланысты әр түрлі болады. Пайдаланып жатқан қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Сымсыз желіні орнату үшін WPS түймесін пайдалану кезінде қауіпсіздік параметрлері өзгеруі мүмкін. Осыны болдырмау үшін ағымдағы сымсыз қауіпсіздік параметрлері үшін WPS опциясын құлыптаңыз. Опция атауы пайдаланылып отыратын қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) байланысты өзгешеленуі мүмкін.


Дайындау керек элементтер

- Қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) шифрлауды қолдайтынын тексеріңіз.
- Құрылғы Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) шифрлауын қолдайтынын тексеріңіз.
- Желіге қосылған компьютер (тек PIN код режимі)

Түрді таңдау

Басқару тақтасында  (WPS) түймесін пайдаланып, құрылғыны сымсыз желіге қосудың екі әдісі бар.

Push Button Configuration (PBC) әдісі машинаның басқару

тақтасындағы  (WPS) түймесін және Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) қолдайтын қатынасу нүктесінде (немесе сымсыз маршрутизатордағы) WPS (PBC) түймесін басу арқылы машинаны сымсыз желіге қосуға мүмкіндік береді.

Personal Identification Number (PIN) әдісі құрылғыны сымсыз желіге Wi-Fi Protected Setup™(WPS) қолдайтын қатынасу орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) берілген PIN ақпараты арқылы қосуға мүмкіндік береді.

Құрылғыдағы зауыттық әдепкі параметр – **PBC** режимі. Ол әдеттегі сымсыз желі ортасы үшін ұсынылады.



Сымсыз желіні орнату

Дисплей экраны бар машиналар

PBC режимінде қосылу

- 1 Басқару тақтасында  (**Menu**) > **Сеть** > **Wi-Fi** > **Параметры WPS** тармағын таңдаңыз.

ИЛИ

Басқару тақтасында  (WPS) түймешігі бар үлгілер үшін басқару тақтасындағы  (WPS) түймешігін 2 секундтан артық басып ұстап тұрыңыз.

- 2 **PBC** (немесе **Подключить через PBC**) тармағын басыңыз.

- 3 Растау терезесі шыққан кезде **OK** түймесін басыңыз.

Байланыс үрдісінің уақыты 2 минут болғандығын көрсете отырып ақпарат терезесі пайда болады.

- 4 Қатынас орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) **WPS (PBC)** түймесін басыңыз.


Хабарлар дисплей экранында төмендегі ретпен көрсетіледі:

- a **Подключение:** Құрылғы қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылуда.
- b **Подключено:** Машина сымсыз желіге сәтті қосылғанда, WPS көрсеткіш шамы қосулы қалады.



- c **AP SSID:** Сымсыз желіні қосу процесін аяқтағаннан кейін дисплейде ену нүктесінің SSID идентификаторы туралы ақпарат шығады.

- 5 Берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетегіне енгізіңіз және сымсыз желіні орнату үшін терезедегі нұсқаулықтарды орындаңыз.

PIN режимінде қосылу

- 1 Басқару тақтасында  (**Menu**) > **Сеть** > **Wi-Fi** > **Параметры WPS** тармағын таңдаңыз.

ИЛИ

Басқару тақтасында  (WPS) түймешігі бар үлгілер үшін басқару тақтасындағы  (WPS) түймешігін 4 секундтан артық басып ұстап тұрыңыз.

- 2 **PIN** (немесе **Подключить через PIN**) тармағын басыңыз.


- 3 Растау терезесі шыққан кезде **OK** түймесін басыңыз.

Сымсыз желіні орнату

- 4 Дисплейде сегіз сандық PIN код шығады.
Қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылған компьютерге екі минут ішінде сегіз сандық PIN кодты енгізу қажет.
Хабарлар дисплей экранында төмендегі ретпен көрсетіледі:
 - a **Подключение:** Машина сымсыз желіге қосылуда.
 - b **Подключено:** Машина сымсыз желіге сәтті қосылғанда, WPS көрсеткіш шамы қосулы қалады.
 - c **Тип SSID:** Сымсыз желіні қосу процесін аяқтағаннан кейін СҚЖ дисплейде қатынас орнының SSID идентификаторы туралы ақпарат шығады.
- 5 Берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетегіне енгізіңіз және сымсыз желіні орнату үшін терезедегі нұсқаулықтарды орындаңыз.

Дисплей экраны жоқ құрылғылар


РВС режимінде қосылу


- 1 Басқару тақтасында  (WPS) түймесін шамамен 2 - 4 секунд бойы күй көрсеткіші тез жыпықтағанша басып тұрыңыз.
Құрылғы сымсыз желіге қосылуды бастайды. Ені нүктесіндегі (немесе сымсыз маршрутизатордағы) WPS (РВС) түймесін басқанша, көрсеткіш екі минутқа дейін баяу жыпықтайды.
- 2 Қатынас орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) **WPS (РВС)** түймесін басыңыз.
 - a WPS көрсеткіш шамы тез жыпықтайды. Құрылғы қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылуда.
 - b Машина сымсыз желіге сәтті қосылғанда, WPS көрсеткіш шамы қосулы қалады.
- 3 Берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетегіне енгізіңіз және сымсыз желіні орнату үшін терезедегі нұсқаулықтарды орындаңыз.

Сымсыз желіні орнату

PIN режимінде қосылу

- 1 Желі теңшелімі есебі, соның ішінде PIN код басып шығарылуы керек (219-беттегі "Желі конфигурациясы есебін басып шығару" бөлімін қараңыз).

Дайын режимде болғанда, басқару тақтасындағы  (**Stop** немесе **Stop/Clear**) түймешігін 5 секундтай басып ұстап тұрыңыз. Құрылғының PIN нөмірін білуге болады.

- 2 Басқару тақтасында  (WPS) түймесін 4 секундтан аса күй көрсеткіші қосулы болғанша басып тұрыңыз.

Машина ену нүктесіне (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосыла бастайды.

- 3 Ену нүктесіне (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылған компьютерге екі минуттің ішінде сегіз сандық PIN кодты енгізу қажет.

Сегіз сандық PIN кодты енгізгенше көрсеткіш шам екі минутқа дейін баяу жыпықтайды.

WPS көрсеткіш шамы төмендегі ретпен жыпықтайды:

- a WPS көрсеткіш шамы тез жыпықтайды. Құрылғы қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылуда.
- b Машина сымсыз желіге сәтті қосылғанда, WPS көрсеткіш шамы қосулы қалады.

- 4 Берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетегіне енгізіңіз және сымсыз желіні орнату үшін терезедегі нұсқаулықтарды орындаңыз.

Желіге қайта қосылу


Сымсыз желі функциясы өшірулі кезде, құрылғы қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) бұрын пайдаланылған сымсыз қосылым параметрлерімен және мекенжайымен қайта қосылуға әрекет жасайды.



Келесі жағдайларда құрылғы сымсыз желіге автоматты түрде қайта қосылады:


- Құрылғы өшіріліп, қайта қосылады.
- Қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) өшіріліп, қайта қосылады.

Қосылу процесін болдырмау

Құрылғы сымсыз желіге қосылып жатқанда сымсыз желіге қосылуды болдырмау үшін басқару тақтасында  (**Cancel** немесе **Stop/Clear**) түймесін басып, жіберіңіз. **Сымсыз желіге қайта қосылу үшін 2 минут күту керек.**

Сымсыз желіні орнату

Желіден ажырату

Сымсыз желі қосылымын ажырату үшін басқару тақтасында  (WPS) түймесін екі секундтан аса басыңыз.

- **Wi-Fi желісі бос режимде болғанда:** Құрылғы сымсыз желіден бірден ажыратылады және WPS көрсеткіш шамы өшеді.
- **Wi-Fi желісі пайдаланылғанда:** Машина ағымдағы тапсырманың аяқталғанын күткенде, WPS көрсеткіш шамы тез жыпықтайды. Сымсыз желі қосылымы автоматты түрде ажыратылады және WPS LED өшеді.

Мәзір түймесін пайдалану




Кейбір мәзірлер дисплейде модельге немесе қосымша құралдарға байланысты көрсетілмеуі мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді (41-беттегі "Мәзірді шолу" қараңыз).

Бастау алдында сымсыз желінің желі атауын (SSID) және шифрланған болса желі кілтін білуіңіз керек. Бұл ақпарат қатынас орнын (немесе сымсыз маршрутизаторды) орнатқанда орнатылған. Сымсыз ортаны білмесеңіз, желіні орнатқан адамнан сұраңыз.



Сымсыз желі қосылымын аяқтағаннан кейін бағдарламадан басып шығару үшін машина драйверін орнату керек (223-беттегі "Желі арқылы драйверді орнату" бөлімін қараңыз).

1

Басқару тақтасында  (Menu) > **Сеть** > **Беспроводной** > **Настройки WLAN** түймесін басыңыз.

2

Қажет орнату әдісін таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз.

- **Мастер** (ұсынылады): Бұл режимде орнату автоматты орындалады. Құрылғы таңдауға болатын қол жетімді желілердің тізімін көрсетеді. Желіні таңдағаннан кейін, принтер сәйкес қауіпсіздік кілтін сұрайды.
- **Нестандартный:** Бұл режимде пайдаланушылар өздерінің жеке SSID бере не қолмен өзгерте алады немесе қауіпсіздік опциясын таңдай алады.

Windows жүйесін пайдаланып орнату



Ықшам дискі жоқ **Samsung Easy Wireless Setup** бағдарламасының таңбашасы: Принтер драйверін орнатқан болсаңыз, **Samsung Easy Wireless Setup** бағдарламасына ықшам дискісіз қатынаса аласыз (386-беттегі "Басқару құралдарына қатынасу" бөлімін қараңыз).

Сымсыз желіні орнату

USB кабелі арқылы қатынас орны (ұсынылады)


Дайындау керек элементтер

- Қатынас нүктесі
- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен бірге келген бағдарламаның ықшам дискісі
- Сымсыз интерфейс арқылы орнатылатын құрылғы
- USB кабель

Инфрақұрылым желісін жасау

- 1 Құрылғыға USB кабельдің қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Компьютерді, қатынас орнын және құрылғыны қосыңыз.

- 3 Қос берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетекке енгізіңіз.



Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Бастау > Барлық бағдарламаларда > Қалыпталған > Іске қосу** нұқыңыз.


X:\Setup.exe деп “X” әрпінің орнына дискжетектің әрпін теріп **OK** түймесін басыңыз.

- Windows 8 жүйесінде
Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу > Apps(Apps)** таңдап, **Іске қосу** пәрменін іздеңіз. X:\Setup.exe деп «X» әрпінің орнына CD-ROM дискжетектің әрпін теріп, **OK** түймесін басыңыз.
Егер “**Осы дискпен әрекетті таңдау үшін түрту.**” қалқымалы терезесі пайда болса, терезені басыңыз және **Run Setup.exe** жолын басыңыз.

- 4 Орнату терезесіндегі орнату келісім-шарттарын қараңыз және қабылдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.

Сымсыз желіні орнату

- 5 Тип подключения принтера экранында Подключение к беспроводной сети пәрменін таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.



- 6 Вы настраиваете принтер в первый раз? экранында, **Да, я буду настраивать беспроводную сеть на моем принтере.** таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.

Егер принтеріңіз әлдеқашан желіге қосылған болса, **Нет, мой принтер уже подключен к сети** таңдаңыз.

- 7 Іздеуден кейін терезе сымсыз желі құрылғыларын көрсетеді. Пайдаланғыңыз келген қатынас нүктесінің атауын (SSID) таңдап, **Далее** түймесін басыңыз.



Таңдау керек желі атауын таппасаңыз немесе сымсыз желі теңшелімін қолмен орнату керек болса, **Дополнительно** пәрменін таңдаңыз.

- **Имя беспроводной сети:** Қатынас орнының SSID атауын енгізіңіз (SSID – регистрді ескереді).
- **Режим работы: Инфраструктура** параметрін таңдаңыз.
- **Аутентификация:** Түпнұсқалық растамасының түрін таңдаңыз.
Открытая: Түпнұсқалық растамасы пайдаланылмайды және деректер қауіпсіздігінің қажеттілігіне байланысты шифрлау пайдаланылуы немесе пайдаланылмауы мүмкін.
С общим ключом: Түпнұсқалық растамасы пайдаланылады. Тиісті WEP кілтті бар құрылғы желіге қатынаса алады.
WPA Personal немесе WPA2 Personal: Басып шығару серверінің түпнұсқалығын WPA Pre-Shared кілтінің көмегімен растау үшін осы параметрді таңдаңыз. Ол ортақ құпия кілтті пайдаланады (әдетте Pre Shared Key құпия сөзі деп аталады). Ол кілт қатынас орнында және оның әр клиентінде қолмен теңшеледі.
- **Шифрование:** Шифрлауды таңдаңыз (Жоқ, WEP64, WEP128, TKIP, AES, TKIP AES).
- **Пароль сети:** Шифрлау желі құпия сөзінің мәнін енгізіңіз.
- **Подтверждение ключа сети:** Шифрлау желі құпия сөзінің мәнін растаңыз.
- **Индекс ключа WEP:** WEP шифрлауды пайдалансаңыз, тиісті **Индекс ключа WEP** пайдаланыңыз.

Сымсыз желіні орнату



Ену нүктесінде қауіпсіздік параметрлері болса, сымсыз желінің қауіпсіздігі терезесі шығады.

Қатынасу нүктесінің (немесе маршрутизатор) желілік құпия сөзін енгізіңіз.

- 8 Желілік байланыс терезесі пайда болғанда, желі кабелін ажыратыңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз. Желілік кабель байланысы сымсыз құрылғыларға арналған іздеуге кедергі келтіруі мүмкін.

- 9 Егер принтер Wi-Fi Direct функциясын қолдаса және бұл функция ажыратылған болса, оның сәйкес экраны пайда болады.

Егер Wi-Fi Direct функциясын қосу керек болса, құсбелгіні қойыңыз және **Далее** түймесін басыңыз. Олай болмаса, жай **Далее** түймесін басыңыз.



- Сондай-ақ, Wi-Fi Direct жасауды Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалана отырып бастауға болады (257-беттегі "Wi-Fi Direct желісін орнату" бөлімін қараңыз).
- **Имя Wi-Fi Direct:** Әдепкі Wi-Fi Direct атауы – модель атауы болады және оның ең көп ұзындығы - 23 таңба.
- **Настройка пароля** – сандық жол, оның өлшемі – 8 ~ 64 таңба.

Сымсыз желіні орнату

10 Сымсыз желіні теңшеу аяқталғанда, компьютер мен құрылғы арасындағы USB кабелін ажыратыңыз. **Далее** түймесін басыңыз.

11 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.

USB арқылы Ad hoc

Егер қатынас орны болмаса, құрылғыны бәрібір төмендегі оңай қадамдарды орындап компьютерге Ad-hoc желісін орнату арқылы қосуға болады.

Дайындау керек элементтер

- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен бірге келген бағдарламаның ықшам дискісі
- Сымсыз интерфейс арқылы орнатылатын құрылғы
- USB кабель

Windows жүйесінде ad hoc желісін жасау

- 1** Құрылғыға USB кабельдің қосылғанын тексеріңіз.
- 2** Компьютерді, қатынас орнын және құрылғыны қосыңыз.

3 Қос берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетекке енгізіңіз.



Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Бастау > Барлық бағдарламаларда > Қалыпталған > Іске қосу** нұқыңыз.

X:\Setup.exe деп “X” әрпінің орнына дискжетектің әрпін теріп **OK** түймесін басыңыз.

- Windows 8 жүйесінде


Егер орнату терезесі көрсетілмесе, **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу > Apps(Apps)** таңдап, **Іске қосу** пәрменін іздеңіз. X:\Setup.exe деп «X» әрпінің орнына CD-ROM дискжетектің әрпін теріп, **OK** түймесін басыңыз.

Егер “**Осы дискпен әрекетті таңдау үшін түрту.**” қалқымалы терезесі пайда болса, терезені басыңыз және **Run Setup.exe** жолын басыңыз.

4 Орнату терезесіндегі орнату келісім-шарттарын қараңыз және қабылдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.

Сымсыз желіні орнату

- 5 Тип подключения принтера экранында **Подключение к беспроводной сети** пәрменін таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.



- 6 Вы настраиваете принтер в первый раз? экранында, **Да, я буду настраивать беспроводную сеть на моем принтере.** таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.

Егер принтеріңіз әлдеқашан желіге қосылған болса, **Нет, мой принтер уже подключен к сети** таңдаңыз.

- 7 Сымсыз желілерді іздегеннен кейін құрылғы іздеген сымсыз желілер тізімі шығады. **Дополнительно** түймесін басыңыз.



- **Имя беспроводной сети:** Қажетті SSID атауын енгізіңіз (SSID – регистрді ескереді).
- **Режим работы:** Ad hoc режимін таңдаңыз.

- **Канал:** Арнаны таңдаңыз. (**Автоматически** немесе 2412 МГц - 2467 МГц).
- **Аутентификация:** Түпнұсқалық растамасының түрін таңдаңыз. **Открытая:** Түпнұсқалық растамасы пайдаланылмайды және деректер қауіпсіздігінің қажеттілігіне байланысты шифрлау пайдаланылуы немесе пайдаланылмауы мүмкін. **С общим ключом:** Түпнұсқалық растамасы пайдаланылады. Тиісті WEP кілті бар құрылғы желіге қатынаса алады.
- **Шифрование:** Шифрлауды таңдаңыз (ешқайсысы, WEP64, WEP128).
- **Пароль сети:** Шифрлау желі құпия сөзінің мәнін енгізіңіз.
- **Подтверждение ключа сети:** Шифрлау желі құпия сөзінің мәнін растаңыз.
- **Индекс ключа WEP:** WEP шифрлауды пайдалансаңыз, тиісті **Индекс ключа WEP** пайдаланыңыз.

Ad hoc желісінде қауіпсіздік қосулы болса, сымсыз желінің қауіпсіздігі терезесі шығады.

Түпнұсқалық растама үшін **Открытая** немесе **С общим ключом** параметрін таңдаңыз және **Далее** түймесін басыңыз.

- WEP (Wired Equivalent Privacy) – сымсыз желіге рұқсат етілмеген қатынасуды болдырмайтын қауіпсіздік протоколы. WEP сымсыз желіде алмасатын әр пакеттің деректерінің бөлігін 64-биттік немесе 128-биттік WEP шифрлау кілтін пайдаланып шифрлайды.

- 8 Сымсыз желі параметрлері көрсетілген терезе шығады. Параметрлерді тексеріңіз және **Далее** түймесін басыңыз.

Сымсыз желіні орнату



Құрылғының IP мекенжайын енгізу алдында компьютердің желілік теңшелімі туралы ақпаратты білу керек. Егер компьютердің желі теңшелімі DHCP деп орнатылған болса, сымсыз желі параметрлері де DHCP болуы керек. Осы сияқты, компьютердің желілік теңшелімі тұрақты деп орнатылған болса, сымсыз желі параметрлері де тұрақты болуы керек.

Егер компьютер DHCP деп орнатылған болса, ал сіз тұрақты сымсыз желі параметрін пайдаланғыңыз келсе, тұрақты IP мекенжайды алу үшін желілік әкімшіге хабарласу керек.

• DHCP әдісі үшін

Егер IP мекенжайды тағайындау әдісі DHCP болса, **Подтверждение настроек беспроводной сети** терезесінде DHCP көрсетілгенін тексеріңіз. Егер ол Тұрақты әдісін көрсетсе, тағайындау әдісін **Получать IP-адрес автоматически (DHCP)** деп өзгерту үшін **Изменить настройки TCP/IP** пәрменін таңдаңыз.

• Тұрақты әдіс үшін

Егер IP мекенжайды тағайындау әдісі тұрақты болса, **Подтверждение настроек беспроводной сети** терезесінде «Тұрақты» көрсетілгенін тексеріңіз. Егер DHCP әдісі көрсетілсе, IP мекенжайды және машинаның басқа желілік теңшелім мәндерін енгізу үшін **Изменить настройки TCP/IP** пәрменін таңдаңыз.

Мысалы,

Егер компьютердің желілік ақпараты төменде көрсетілгендей болса:

- IP мекенжай: 169.254.133.42
- Ішкі желі бүркеніші: 255.255.0.0

Онда құрылғының желілік ақпараты төмендегідей болуы керек:

- IP мекенжай: 169.254.133.43
- Ішкі желі бүркеніші: 255.255.0.0 (Компьютердің ішкі желі бүркенішін пайдаланыңыз).
- Шлюз: 169.254.133.1

9 **Настройка беспроводной сети завершена** терезесі шығады. **Далее** түймесін басыңыз.

10 Сымсыз желінің параметрлері аяқталғанда, компьютер мен құрылғының арасындағы USB кабелін ажыратыңыз. **Далее** түймесін басыңыз.

11 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Мас жүйесін пайдаланып орнату


Дайындау керек элементтер

- Қатынас нүктесі
- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен бірге келген бағдарламаның ықшам дискісі
- Сымсыз интерфейс арқылы орнатылатын құрылғы
- USB кабель

Сымсыз желіні орнату


USB кабелі арқылы қатынас орны (ұсынылады)

- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Қос берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM дискжетекке енгізіңіз.



- 3 Mac жұмыс үстелінде шығатын CD-ROM белгішесін екі рет басыңыз.
 - Mac OS X 10.8 үшін **Finder** экранында пайда болатын CD-ROM екі рет нұқыңыз.
- 4 **MAC_Installer** қалтасы > **Installer OS X** белгішесін екі рет нұқыңыз.
- 5 **Continue** түймесін басыңыз.
- 6 Лицензиялық келісім-шартты оқыңыз және **Continue** түймесін басыңыз.

- 7 Лицензиялық келісім-шартпен келісі үшін **Agree** түймесін басыңыз.
- 8 **Install** түймесін басыңыз. Құрылғы жұмысына қажетті барлық құрылғылар орнатылады.
Егер **Customize** пәрменін таңдасаңыз, орнату үшін жеке құрамдастарды таңдай аласыз.
- 9 Құпиясөзді енгізіңіз және **OK** түймесін басыңыз.
- 10 **Configuration of Wireless network** терезесінде **Printer Connection Type** пәрменін таңдап, **Continue** басыңыз.



Сымсыз желіні орнату

- 11** Іздеуден кейін терезе сымсыз желі құрылғыларын көрсетеді. Пайдаланғыңыз келген ену нүктесінің атауын (SSID) таңдап, **Next** түймесін басыңыз.



Сымсыз желі теңшелімін қолмен орнатқыңыз келсе, **Advanced Setting** пәрменін таңдаңыз.

- **Enter the wireless Network Name:** Қатынас орнының SSID атауын енгізіңіз (SSID – регистрді ескерді).
- **Operation Mode: Infrastructure** параметрін таңдаңыз.
- **Authentication:** Түпнұсқалық растамасының түрін таңдаңыз.
Open System: Түпнұсқалық растамасы пайдаланылмайды және деректер қауіпсіздігінің қажеттілігіне байланысты шифрлау пайдаланылуы немесе пайдаланылмауы мүмкін.
Shared Key: Түпнұсқалық растамасы пайдаланылады. Тиісті WEP кілті бар құрылғы желіге қатынаса алады.
Бұл функцияны пайдалану үшін **Google Drive**, **Dropbox** және **Evernote** тіркелгіңіз болуы керек.


Сканерлеу мүмкіндіктері



Бұл мүмкіндік тек сенсорлық экраны бар модельдер үшін қол жетімді.

Google Drive, Dropbox және Evernote тіркелгісіне кіру

Google Drive, Dropbox және Evernote қызметтерінің әрқайсысы бұлттың кіру саясатын пайдаланады.

- 1 Сенсорлық экранда  (Сканирование в облако) түймесін басыңыз.
- 2 Сканерленген деректерді жіберу керек бұлт қызметін таңдаңыз.
- 3 Таңдалған бұлт қызметіне қатынасу үшін бұлт қызметінің тіркелгісін және құпия сөзін енгізіңіз.





Автоматты түрде кіру үшін **Включить автоматический вход в систему** құсбелгісін қойып > **ОК** түймесін басыңыз.

Басқа тіркелгіні пайдаланып кіру үшін сенсорлық экранда **Выход** түймесін басып, басқа тіркелгімен кіріңіз.

- 4 **ОК** түймесін басыңыз.

Google Drive, Dropbox және Evernote тіркелгісіне сканерлеу

- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз (71-беттегі "Түпнұсқаларды салу" бөлімін қараңыз).
- 3 Сенсорлық экранда  (Сканирование в облако) түймесін басыңыз.
- 4 **Список мест назн** ішінен бұлт қызметін таңдаңыз.
- 5 Сканерлеудің мақсатты орны болуы керек қалтаны таңдаңыз.
- 6 Қажет болса,  (Опция параметрлері) түймесін басып > қажет сканерлеу параметрлерін таңдаңыз.
- 7 Сенсорлық экранда **Пуск** түймесін басыңыз. Сканерлеу басталады.

Сканерлеу мүмкіндіктері

Суреттерді өңдеу бағдарламасында сканерлеу

Құжаттардың сканерлеуін және импортталуын TWAIN талаптарына сай болатын Adobe Photoshop сияқты кескіндерді өңдейтін қамтымда орындауға болады. TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құралмен сканерлеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз (71-беттегі "Түпнұсқаларды салу" бөлімін қараңыз).
- 3 Adobe Photoshop секілді бағдарламаны ашыңыз.
- 4 **Файл > Импорттау** тармағына өтіп, сканер құрылғысын таңдаңыз.
- 5 Сканерлеу параметрлерін орнатыңыз.
- 6 Сканерлеңіз және сканерленген суретті сақтаңыз.

WIA драйверін пайдаланып сканерлеу

Құрылғы суреттерді сканерлеу үшін Windows Image Acquisition (WIA) драйверін қолдайды. WIA – Microsoft Windows 7 жүйесі беретін стандартты құрамдастардың бірі және сандық камералар және сканерлермен жұмыс істейді. TWAIN драйверіне қарағанда, WIA драйвері суреттерді қосымша бағдарламалық құралды пайдаланбастан сканерлеуге және оңай дұрыстауға мүмкіндік береді.



WIA драйвері USB порты бар Windows жүйесінде ғана жұмыс істейді.

- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз (71-беттегі "Түпнұсқаларды салу" бөлімін қараңыз).
- 3 **Старт > Панель управления > Оборудование и звук > Устройства и принтеры** тармағына өтіңіз.
- 4 **Принтеры и факсы > Начать сканирование** тармағында құрылғы драйверінің белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен нұқыңыз.
- 5 **Жаңа сканерлеу бағдарламасы** шығады.

Сканерлеу мүмкіндіктері

- 6 Сканерлеу теңшелімдерін таңдаңыз және теңшелімдер суретке қалай әсер ететінін көру үшін **Алдын ала қарау** пәрменін таңдаңыз.
- 7 Сканерлеңіз және сканерленген суретті сақтаңыз.


Samsung Easy Document Creator көмегімен сканерлеу

Samsung Easy Document Creator дегеніміз қолданушыға бірнеше форматтағы құжаттарды, соның ішінде электронды жарияланым форматтарын сканерлеу, жинау және сақтауға көмектесетін бағдарлама.

Сканерлеу мүмкіндіктерін ұсынылған шағын дисктегі Samsung Easy Document Creator бағдарламасының көмегімен пайдалану ұсынылады.




- Windows жүйесінің пайдаланушыларына ғана қол жетімді.
- Samsung Easy Document Creator үшін ең төмен талаптары - Windows XP не одан жоғары және Internet Explorer 6.0 қажет.
- Samsung Easy Document Creator бағдарламасы машина бағдарламалық жасақтамасын орнатқанда автоматты түрде орнатылады (395-беттегі "Samsung Easy Document Creator пайдалану" бөлімін қараңыз).

- 1 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз (71-беттегі "Түпнұсқаларды салу" бөлімін қараңыз).
- 2 **Бастау** мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламаларда** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 8 үшін, from **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу > Apps(Apps)** тармағын таңдаңыз.
- 3 **Samsung Printers** нұқып, **Samsung Easy Document Creator** іске қосыңыз.
Бастапқы терезедегі **Сканирование** () түймешігін нұқыңыз.
- 4 Сканерлеу түрін немесе таңдаулыларды таңдаңыз және **Начать** басыңыз.
- 5 Бейне баптауларын орындаңыз (**Параметры сканирования** және **Дополнительно**).
- 6 Дайын бейнені сканерлеу үшін **Сканирование** немесе алдын ала бейнені алу үшін **Просмотр** басыңыз.
- 7 **Сохранить в папку, Отправить по эл. почте** немесе **Отправить в социальную сеть** таңдаңыз.
- 8 **Сохранить** (Сканді сақтау), **Отправить** (Сканді эл.поштамен жіберу) немесе **Опубликовать** (Жариялау) басыңыз.

Сканерлеу мүмкіндіктері



Құжат әйнегінде камера көрсетілсе, бір мезгілде бір элементтен артық объектілер сканерлене алады. Бірнеше аймақты таңдау үшін  құралын пайдаланыңыз.

Mac сканерлеу

USB арқылы қосылған құрылғыда сканерлеу

- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз (71-беттегі "Түпнұсқаларды салу" бөлімін қараңыз).
- 3 **Applications** іске қосыңыз және **Image Capture** бағдарламасын нұқыңыз.



No Image Capture device connected хабары пайда болса, USB кабелін ажыратып, оны қайта қосыңыз. Ақаулық жалғаса берсе, **Image Capture** анықтамасын қараңыз.

- 4 Қажет параметрді таңдаңыз.

- 5 Сканерлеңіз және сканерленген суретті сақтаңыз.



Image Capture бағдарламасында сканерлеу жұмыс істемесе, Mac OS жүйесін соңғы нұсқаға жаңартыңыз.

Желіге қосылған құрылғыда сканерлеу



Тек желілік немесе сымсыз желі моделі ғана (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

- 1 Құрылғы желіге қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз (71-беттегі "Түпнұсқаларды салу" бөлімін қараңыз).
- 3 **Applications** іске қосыңыз және **Image Capture** бағдарламасын нұқыңыз.
- 4 Амалдық жүйеге сай төмендегі қадамдарды орындаңыз.
 - 10.5 үшін
 - Menu жолағында **Devices > Browse Devices** тармағына өтіңіз.

Сканерлеу мүмкіндіктері

- **Connected** бағдарламасындағы құрылғы қатарында тұрған **Bonjour Devices** құсбелгі көзін тексергендігіңізге көз жеткізіңіз.
- 10.6 -10.8 үшін **SHARED** тармағының астында құрылғыны таңдаңыз.

5 Осы бағдарламада сканерлеу параметрлерін орнатыңыз.


6 Сканерлеңіз және сканерленген суретті сақтаңыз.



- Image Capture бағдарламасында сканерлеу жұмыс істемесе, Mac OS жүйесін соңғы нұсқаға жаңартыңыз.
- Қосымша ақпарат алу үшін **Image Capture** анықтамасын қараңыз.
- Adobe Photoshop сияқты TWAIN интерфейсімен үйлесімді бағдарламаны пайдаланып сканерлеуге болады.
- Средство сканирования Samsung қамтымын пайдаланып, сканерлеуге болады. **Applications** қалтасы > **Samsung** қалтасы > **Средство сканирования Samsung** тармағын ашыңыз.


Linux жүйесінде сканерлеу

Сканерлеу

- 1** Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2** Жұмыс үстелінде **Unified Driver Configurator** белгішесін екі рет нұқыңыз.
- 3** Scanners Configuration тармағына ауысу үшін  түймесін басыңыз.

Сканерлеу мүмкіндіктері

4 Тізімде сканерді таңдаңыз.




5 **Properties** пәрменін таңдаңыз.

6 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз (71-беттегі "Түпнұсқаларды салу" бөлімін қараңыз).

7 **Scanner Properties** терезесінде **Preview** түймесін басыңыз.

8 Құжат сканерленеді және **Preview Pane** суреттің алдын ала қарауы пайда болады.



9 **Preview Pane** сканерленетін сурет аумағын орнату үшін меңзерді сүйреңіз.

10 Қажет параметрді таңдаңыз.

11 Сканерлеңіз және сканерленген суретті сақтаңыз.




Кейінірек пайдалану үшін сканерлеу параметрлерін сақтап, **Job Type** ашылмалы тізіміне қосуға болады.

Сканерлеу мүмкіндіктері

Image Manager көмегімен суретті өңдеу

Image Manager бағдарламасы сканерленген суретті өңдеу үшін мәзір пәрмендері мен құралдарымен қамтамасыз етеді.





Факс мүмкіндіктері





Негізгі факс мүмкіндіктерін Негізгі нұсқаулық қараңыз (90-беттегі "Негізгі факс жіберу" бөлімін қараңыз).

Автоматты түрде қайта теру


Терілген нөмір бос емес болса немесе факсты жібергенде жауап болмаса, құрылғы автоматты түрде нөмірді қайта тереді. Қайта теру уақыты елдің зауыттық әдепкі параметріне байланысты.

Дисплей **Повторить набор?** сөздерін көрсеткенде, нөмірді күтусіз қайта теру үшін  (**Start**) түймесін басыңыз. Автоматты түрде қайта теруді болдырмау үшін  (**Stop** немесе **Stop/Clear**) түймесін басыңыз.

Қайта терулер арасындағы уақыт аралығын немесе қайта теру әрекеттерінің санын өзгерту үшін.

1 Басқару тақтасында  (факс) >  (**Menu**) > **Настройка факса** > **Отправка** тармағына өтіңіз.

НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда  (**Настройка**) > **Настройка устройства** > **Далее** > **Настройка факса** тармағын таңдаңыз.

2 **Кол-во повт.наб.** немесе **Интервал дозвона** параметрлерін таңдаңыз.

3 Қажет параметрді таңдаңыз.

Факс нөмірін қайта теру

1 Басқару тақтасында  (**Redial/Pause**) түймесін басыңыз.

2 Қажет факс нөмірін таңдаңыз.

Он жақында жіберілген факс нөмірлері мен он алынған қоңырау шалушы идентификаторлары көрсетіледі.


3 Түпнұсқа құжат бергішке салынған кезде, құрылғы сканерлеуді және автоматты түрде жіберуін бастайды.

Түпнұсқа сканерлеу әйнегіне қойылса, тағы бет қосу үшін, **Да** түймесін басыңыз. Басқа түпнұсқаны салып, **ОК** түймесін басыңыз. Аяқтаған кезде, **Нет** пайда болғанда **Следующ. стр.?** пәрменін таңдаңыз.

Факс мүмкіндіктері




Тасымалдауды растау

Түпнұсқаның соңғы беті сәтті жіберілгенде, құрылғы дыбыстық сигнал беріп, дайын режиміне өтеді.

Факс жіберу кезінде қате пайда болса, дисплейде қате туралы хабар көрсетіледі. Қате туралы хабарды алсаңыз, хабарды тазалау үшін  (**Stop** немесе **Stop/Clear**) түймесін басып, факсты жіберу әрекетін қайталаңыз.



Әрдайым, факсті жіберу аяқталған кезде растау есебін басып шығару параметрін орнатуға болады.

- Басқару тақтасында  (факс) >  (**Menu**) > **Настройка факса** > **Отправка** > **Подтвер. Факса** тармағына өтіңіз.
- Сенсорлық экранда  (**Настройка**) > **Настройка устройства** > **Далее** > **Настройка факса** > **Подтверждение факса** тармағын таңдаңыз.

Факсті компьютермен жіберу



Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

Факсті құрылғыға бармай-ақ, компьютер арқылы жіберуге болады.

Компьютер арқылы факс жіберу үшін, **Samsung Network PC Fax** бағдарламасын орнату керек. Бұл бағдарлама принтер драйверін орнатқан кезде орнатылады.

- 1 Жіберілетін құжатты ашыңыз.
- 2 **Файл** мәзірінде **Басып шығару** түймесін таңдаңыз. **Басып шығару** терезесі көрсетіледі. Қолданба нұсқасына қарай бұл терезе сәл өзгеше болуы мүмкін.
- 3 **Басып шығару** терезесінен **Samsung Network PC Fax** тармағын таңдаңыз.
- 4 **Басып шығару** немесе **OK** түймесін басыңыз.
- 5 Алушылардың нөмірлерін енгізіп, опцияны таңдаңыз

Факс мүмкіндіктері





Справка мәзірін таңдаңыз және мәліметтер алу керек кез келген параметрді нұқыңыз.

6 Отправить түймесін басыңыз.

Факстің тасымалдануын кідірту

Жабдыққа факсті кейінірек, сіз болмаған кезде жіберу параметрін орнатуға болады. Бұл функцияны пайдаланып, түрлі түсті факс жіберу мүмкін емес.

- 1** Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз.
- 2** Басқару тақтасында  (факс) түймесін басыңыз.
- 3** Ажыратымдылығы мен ашықтығын қажетті деңгейге келтіріңіз.
- 4** Басқару тақтасында  (**Menu**) > **Функция факса** > **Отложенная отправка** тармағына өтіңіз.

НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда **(Факс)** > **Отложенная отправка** > **Далее** тармағын таңдаңыз. 8-қадамға өтіңіз.

- 5** Алушы факсінің нөмірін енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.
- 6** Дисплейде құжатты жіберу үшін, келесі факс нөмірін енгізу сұралады.
- 7** Қосымша факс нөмірлерін енгізу үшін **Да** параметрі бөлектелгенде **OK** түймесін басып, 5 қадамды қайталаңыз.



- 10-ға дейін мақсатты орындарды қосуға болады.
- Топтық теру нөмірлерін бір рет енгізгеннен кейін, басқа топтық теру нөмірлерін енгізу мүмкін емес.

- 8** Жұмыс атауын және уақытты енгізіңіз.
Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда уақытты енгізіңіз > **Далее** > **Прям.ввод** немесе **Список факсов** тармағын таңдаңыз > пернетақтаны пайдаланып факс нөмірін енгізіңіз.





Егер тапсырмаға ағымдағы уақыттан ерте уақытты белгілесеніз, факс келесі күні сол уақытта жіберіледі.

- 9** Түпнұсқа тасымалданбас бұрын, жадқа сканерленеді.
Жабдық дайын режиміне өтеді. Дисплейде құрылғының дайын режиміне ауысқаны және кідірілген факс орнатылғаны туралы ескерту көрсетіледі.


Факс мүмкіндіктері




Кідірілген факс тапсырмаларының тізімін тексеруге болады.


- Басқару тақтасында  (Menu) > **Настройка системы** > **Отчет** > **Запл. зад. факса** тармағына өтіңіз.
- Сенсорлық экранда  (Настройка) > **Настройка устройства** > **Далее** > **Отчеты** > **Запланированные задания факса** тармағын таңдаңыз.



Тапсырыс жасалған кідірілген факс тапсырмасын болдырмау

- 1 Басқару тақтасында  (факс) >  (Menu) > **Функция факса** > **Отмена задания** тармағына өтіңіз.

НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда  (Состояние задания) > **Текущ. задан.** > **Далее** тармағын таңдаңыз.

- 2 Қажетті факс тапсырмасын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда қажет факс тапсырмасында  (болдырмау) түймесін басыңыз.

- 3 Дисплейде **Да** бөлектелгенде, **OK** түймесін басыңыз.
Сенсорлық экраны бар модель үшін растау терезесі пайда болғанда **Да** түймесін басыңыз.
- 4 Дайын режиміне оралу үшін  (**Stop** немесе **Stop/Clear**) түймесін немесе басты экран  белгішесін басыңыз.

Жіберілген факсті басқа бағытқа қайта жіберу



Жабдықтың қабылданған немесе жіберілген факсті факс, электрондық пошта не сервер арқылы басқа бағытқа жіберу функциясын қосуға болады. Бұл функция кеңседен тыс болып, бірақ факс алуыңыз керек болған кезде өте пайдалы.




- Факсты электрондық пошта арқылы басқа бағытқа қайта жібергенде, алдымен SyncThru™ Web Service ішінде пошта сервері мен IP мекенжайды орнату керек (390-беттегі "SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану" бөлімін қараңыз).
- Түсті факсті жіберіп не қабылдағаныңызбен, деректер сұр түсте қайта жіберіледі.


Факс мүмкіндіктері

1 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз.

2 Басқару тақтасында  (факс) >  (Menu) > **Функция факса** > **Пересл. отпр.** > **Переслать на факс, Переслать на эл. почту** немесе **Перенаправ. на сервер** тармағына өтіңіз.



НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда  (Настройка) > **Настройка устройства** > **Далее** > **Настройка факса** > **Пересл. отпр.** > **Переслать на факс, Переслать на эл. почту** немесе **Перенаправ. на сервер** тармағын таңдаңыз.

 Модельге немесе қосымшаларға байланысты **Перенаправить** опциясы қол жетімді болмауы мүмкін (11-беттегі "Әр түрлі мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

3 Мақсатты факс нөмірін, электрондық пошта мекенжайын немесе сервер мекенжайын енгізіңіз және **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлық экраны бар модель үшін осы параметрді «Вкл.» күйіне орнатыңыз, содан кейін қайта жіберу нөмірін енгізіңіз

4 Дайын режимге қайту үшін  (**Stop/Clear**) түймесін немесе басты бет () белгішесін басыңыз.

Барлық келесі жіберілген факстер көрсетілген факс жабдығына қайта жіберіліп тұрады.



Қабылданған факсті қайта жіберу

Жабдықтың қабылданған немесе жіберілген факсті факс, электрондық пошта не сервер арқылы басқа бағытқа жіберу функциясын қосуға болады. Бұл функция кеңседен тыс болып, бірақ факс алуыңыз керек болған кезде өте пайдалы.




Түсті факсті жіберіп не қабылдағаныңызбен, деректер сұр түсте қайта жіберіледі.

Факс мүмкіндіктері

- 1** Басқару тақтасында  (факс) >  (Menu) > **Факс** > **Переслать принятые** > **Переслать на факс**, **Переслать на ПК**, **Переслать на эл. почту** немесе **Перенаправ. на сервер** тармағына өтіңіз.

НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда  (**Настройка**) > **Настройка устройства** > **Далее** > **Настройка факса** > **Пересл. прин.** > **Переслать на факс**, **Пересл. на ПК**, **Переслать на эл. почту** немесе **Перенаправ. на сервер** тармағын таңдаңыз.



- Модельге немесе қосымшаларға байланысты **Перенаправить** опциясы қол жетімді болмауы мүмкін (11-беттегі "Әр түрлі мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).
- Факсті қайта жіберу орындалған соң, құрылғыда факстің басып шығарылуын орнату үшін, **Пересл. и напеч.** тармағын таңдаңыз.

- 2** Мақсатты факс нөмірін, электрондық пошта мекенжайын немесе сервер мекенжайын енгізіңіз және **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлық экраны бар модель үшін осы параметрді **«Вкл.»** күйіне орнатыңыз, содан кейін қайта жіберу нөмірін енгізіңіз

- 3** Басталу уақыты мен аяқталу уақытын енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.

- 4** Дайын режимге қайту үшін  (**Stop/Clear**) түймесін немесе басты бет  белгішесін басыңыз.

Барлық келесі жіберілген факстер көрсетілген факс жабдығына қайта жіберіліп тұрады.


Қағаздың екі жағында факс жіберу




- Бұл құжат бергішке түпнұсқаларды жүктегенде ғана қол жетімді.
- Параметрлерге немесе модельдерге байланысты кейбір мәзірлер дисплейде шықпауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.
- Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

Факс мүмкіндіктері


1 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз.

2 Басқару тақтасында  (факс) > **Функция факса** > **Блок 2-ст. печати** тармағына өтіңіз.


НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда  (**Факс**) > Қажет мәзірді таңдау > Ішкі мәзірлерде **Двусторонняя** тармағына өтіңіз.

- **1-сторон.:** Бір жақта ғана басылатын үлгілер үшін.
- **2-стороннее:** Екі жақта да басылатын үлгілер үшін.
- **2 ->1 сторона с повор.:** Екі жақта да басылатын, бірақ артқы жағы 180° бұрылған үлгілер үшін.




 **2-стороннее және 2-сторонняя с повор.** пайдалану үшін DADF үлгілерін жүктеңіз. DADF үлгілерін таңдау үшін **1-сторон.** болып өзгертіледі.

3 Таңдалған параметрді сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлық экраны бар модель үшін таңдауды сақтау үшін  (артқа) түймесін басыңыз.

Факсті компьютермен қабылдау



- Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).
- Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін параметрді басқару тақтасында немесе сенсорлық экранда орнатыңыз.
 - Басқару тақтасында  (факс) >  (**Menu**) > **Функция факса** > **Пересл. прин.** > **Переслать на ПК** > **Перенаправить** тармағына өтіңіз.
 - Сенсорлық экранда  (**Настройка**) > **Настройка устройства** > **Далее** > **Настройка факса** > **Пересл. прин.** > **Пересл. на ПК** > **Переслать** тармағын таңдаңыз.

- 1** Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын ашыңыз.
- 2** **Список принтеров** ішінен қажетті құрылғыны таңдаңыз.
- 3** **Параметры режима Факс-ПК** мәзірін таңдаңыз.



Факс мүмкіндіктері

4 Факс параметрлерін өзгерту үшін, **Включить прием факсов с устройства** қойындысын пайдаланыңыз.


- **Тип изображения:** Қабылданған факстің пішінін PDF немесе TIFF пішініне ауыстыру.
- **Папка для сохранения:** Пішіні ауыстырылған факстерді сақтау орны таңдалады.
- **Префикс:** Префиксті таңдаңыз.
- **Печать принятых факсов:** Факс қабылданғаннан кейін факсті қабылдау туралы ақпаратты басып шығару үшін басыңыз.
- **Уведомить по завершении:** Факс келгенде қалқымалы терезе арқылы ескерту жасалады.
- **Открыть с помощью приложения по умолчанию:** Факсті қабылдағаннан кейін оны әдепкі бағдарламамен ашу.
- **Отсутствуют:** Факсты қабылдағаннан кейін құрылғы пайдаланушыға хабарламайды немесе бағдарламаны ашпайды.

5 **Сохранить > ОК** нұқыңыз.



Қабылдау режимдерін өзгерту

1 Басқару тақтасында  (факс) >  (**Menu**) > **Настройка факса > Прием > Режим приема** тармағына өтіңіз.

НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда  (**Настройка**) > **Настройка устройства > Далее > Настройка факса > Режим приема** тармағын таңдаңыз.

2 Қажет параметрді таңдаңыз.

- **Факс:** факстің кіріс қоңырауына жауап беріп, бірден факсті қабылдау режиміне өтеді.
- **Телефон:**  (**On Hook Dial**) түймесін, содан кейін  (**Start**) түймесін басу арқылы факсты қабылдайды.
- **Отв/факс:** Жауап беру құрылғысы сіздің жабдығыңызға жалғанғанда қолданылады. Жабдығыңыз кіріс қоңырауына жауап беріп, қоңырау шалушы жауап беру құрылғысында хабар қалдыра алады. Егер құрылғы желіде факс үнін сезінсе, ол автоматты түрде «Fax» режиміне ауысып, факсті қабылдай бастайды.



Отв/факс режимін пайдалану үшін, жауап беруші құрылғыны құрылғының артындағы «EXT» ұясына қосыңыз.


Факс мүмкіндіктері

- **DRPD:** Шартты қоңырауды автоматты түрде тану (DRPD) функциясын пайдаланып қоңырауды қабылдауға болады. Шартты қоңырау - бұл телефон компаниясы ұсынатын бір телефон желісі арқылы бірнеше телефон нөмірлерін пайдаланып қоңырауға жауап беруге мүмкіндік беретін қызмет. Қосымша мәліметтерді мына жерден қараңыз: 377-беттегі "Факсті DRPD режимі арқылы қабылдау".



Бұл параметр елге байланысты болмауы мүмкін.


- 3 Таңдалған параметрді сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлық экраны бар модель үшін таңдауды сақтау үшін  (артқа) түймесін басыңыз.

- 4 Дайын режимге қайту үшін  (**Stop/Clear**) түймесін немесе басты бет () белгішесін басыңыз.

Факстерді «Tel» режимінде қолмен қабылдау

Факсты факс үнін естігенде  (**On Hook Dial**) түймесін, содан кейін

 (**Start**) түймесін басу арқылы қабылдауға болады. Егер құрылғының тұтқасы болса, қоңырауларға тұтқаны пайдаланып жауап бере аласыз (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

«Answering Machine/Fax» режимінде қабылдау

Бұл режимді пайдалану үшін жауап беруші құрылғыны құрылғының артындағы EXT. ұясына қосу керек. Қоңырау шалушы хабар қалдырса, жауап беруші құрылғы хабарды сақтайды. Егер құрылғы желіде факс үнін анықтаса, автоматты түрде факсті қабылдай бастайды.



- Егер құрылғыны осы режимге орнатсаңыз және жауап беруші құрылғы өшірулі болса немесе EXT. ұясына жауап беруші құрылғы қосылмаған болса, құрылғы алдын ала анықталған қоңыраулар санынан кейін Fax (Факс) режиміне автоматты түрде өтеді.
- Егер жауап беруші құрылғыда қоңырау санын пайдаланушының өзі таңдау мүмкіндігі болса, құрылғыны кіріс қоңырауына 1 қоңыраудан кейін жауап беру параметріне орнатыңыз.
- Егер құрылғы «Tel» режимінде болса, факс құрылғысы бар жауап беруші құрылғыны ажыратыңыз немесе өшіріңіз. Әйтпесе, жауап беруші құрылғының шығыс хабары телефон байланысын үзеді.

Факс мүмкіндіктері

Факстарды қосымша телефон арқылы қабылдау

EXT. ұясына қосылған қосымша телефонды пайдаланып жатсаңыз, факс құрылғысына бармастан қосымша телефонда сөйлесіп жатқан адамнан факс ала аласыз.

Қосымша телефоннан қоңырау алып факс үнін естіңіз, қосымша телефондағы *9* түймелерін басыңыз. Құрылғы факсты қабылдайды.

9 зауытта алдын ала орнатылған қашықтан қабылдау коды. Бірінші және соңғы жұлдызша бекітілген, ал ортасындағы санды қалауыңыз бойынша өзгертуге болады.





EXT. ұясына қосылған телефон арқылы сөйлесіп жатқанда көшіру және сканерлеу мүмкіндіктері қол жетімді болмайды.

Факсті DRPD режимі арқылы қабылдау


Бұл параметр елге байланысты болмауы мүмкін. Шартты қоңырау - бұл телефон компаниясы ұсынатын бір телефон желісі арқылы бірнеше телефон нөмірлерін пайдаланып қоңырауға жауап беруге мүмкіндік беретін қызмет. Бұл функция әдетте, қоңырауға тиісті түрде жауап беру үшін, осы қоңырау қай нөмірге жасалғанын білу керек көптеген клиенттермен жұмыс істейтін қызметтерде пайдаланылады.



Бұл параметр елге байланысты болмауы мүмкін.

1 Басқару тақтасында  (факс) >  (Menu) > **Настройка факса > Прием > Режим приема > DRPD** тармағына өтіңіз.

НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда  (Настройка) > **Настройка устройства > Далее > Настройка факса > Режим приема > DRPD** тармағын таңдаңыз.

2 Факс нөміріңізге басқа телефоннан қоңырау соғыңыз.

3 Жабдыққа қоңырау келгенде, оған жауап бермеңіз. Шартты сигналды есте сақтау үшін құрылғыға бірнеше қоңырау жасалуы керек.

Қоңырау үлгілерін жазып алу барысында құрылғыда **Ожидание звонка** көрсетіледі, есте сақтау аяқталғаннан кейін **Завершено устан.DRPD**.

4 «DRPD» хабары көрсетілгенде **OK** түймесін басып, 2-қадамнан бастап әрекетті қайталаңыз.

Факс мүмкіндіктері



- Факстің нөмірі өзгертілсе немесе құрылғы басқа желіге қосылса, DRPD функциясын қайтадан орнату керек болады.
- DRPD функциясы орнатылғаннан кейін, сигналды факске жасалған қоңырау ретінде қабылдайтынын тексеру үшін, құрылғы нөміріне қайтадан қоңырау соғыңыз. Содан соң, қоңырау «EXT» ұясына жалғанған қосымша телефон немесе жауап беруші құрылғыға жіберілетінін тексеру үшін, дәл осы желідегі басқа нөмірге қоңырау соғыңыз.

Қауіпсіз қабылдау режимінде қабылдау






Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

Қабылданған факстерді рұқсаты жоқ адамдардың оқуын болдырмау керек болуы мүмкін. Қауіпсіз қабылдау режимін қосыңыз, сонда барлық кіріс факстер жадқа жіберіледі. Құпия сөзді енгізіп қабылданатын факстерді басып шығаруға болады.





Қауіпсіз алу режимін пайдалану үшін:


- Басқару тақтасында  (факс) >  (**Menu**) > **Функция факса > Безопасный прием > Вкл.** тармағын таңдаңыз.
- Сенсорлық экранда  (**Настройка**) > **Настройка устройства > Далее > Настройка факса > Безопас. прием** тармағын таңдаңыз.

Қабылданған факстерді басып шығару

1

Басқару тақтасында  (факс) >  (**Menu**) > **Функция факса > Безопасный прием > Печать** тармағына өтіңіз.

НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модельде сенсорлық экранда  (**Настройка**) > **Настройка устройства > Далее > Настройка факса > Безопас. прием > Печ.** тармағын таңдаңыз.

2

Төрт цифрлық құпия сөзді енгізіп, **OK** немесе **Печ.** түймесін басыңыз.

3

Жабдық жадта сақталған барлық факстерді басып шығарады.



Факс мүмкіндіктері


Қағаздың екі бетінде де басып шығару




- Параметрлерге немесе модельдерге байланысты кейбір мәзірлер дисплейде шықпауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.
- Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

1 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз.


2 Басқару тақтасында  (факс) >  (**Menu**) > **Настройка факса > Прием > Двусторонняя печать** тармағына өтіңіз.

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда  (**Факс**) > Қажет мәзірді таңдау > Ішкі мәзірлерде **Двусторонняя** тармағына өтіңіз.

- **Выкл.:** Қалыпты режимде басып шығарады.
- **Длинный край:** Беттерді кітап сияқты оқуға болатындай басып шығарады.




- **Короткий край:** Беттерді блокнот сияқты ақтарып оқуға болатындай басып шығарады.



Факс мүмкіндіктері

3 Таңдалған параметрді сақтау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Сенсорлық экраны бар модель үшін таңдауды сақтау үшін  (артқа) түймесін басыңыз.

Жадтағы факстерді қабылдау

Бұл құрылғы көп функциялы құрылғы болғандықтан, ол көшірме жасау немесе басып шығару кезінде факс қабылдай алады. Көшірме жасау немесе басып шығару кезінде факс қабылдасаңыз, құрылғы келген факсті жадында сақтайды. Содан соң, көшірме жасау немесе басып шығару аяқталғаннан кейін құрылғы автоматты түрде факсті басып шығарады.



Егер факс қабылданып, басып шығарылып жатса, дәл сол уақытта басқа көшіру және басып шығару тапсырмаларын өңдеу мүмкін емес.

Ортақ қалта мүмкіндіктерін пайдалану

Бұл мүмкіндік құрылғы жадын ортақ қалта ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндіктің артықшылығы – компьютер терезесі арқылы ортақ қалтаны ыңғайлы пайдалана аласыз.



- Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Үлгілер бойынша мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).
- Бұл мүмкіндікті сақтау құрылғысы бар модельдерде пайдалануға болады (11-беттегі "Әр түрлі мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).
- Әкімші пайдаланушы қол жеткізуін шектеу үшін идентификатор және құпия сөз орната алады, сонымен бірге, бір уақыттағы пайдаланушылардың ең көп санын орната алады.

Ортақ қалтаны жасау

- 1 Компьютерде Windows Explore терезесін ашыңыз.
- 2 Принтердің **\\[ip address]** енгізіңіз (мысалы: \\169.254.133.42) енгізіп, Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.
- 3 **nfsroot** каталогында жаңа қалтаны жасаңыз.

Ортақ қалтаны пайдалану

Ортақ қалтаны әдеттегі компьютердегідей пайдалануға болады. Қалтаны немесе файлды әдеттегі Windows қалтасындай жасаңыз, өңдеңіз және жойыңыз. Сондай-ақ, сканерленген деректерді ортақ қалтада сақтайсыз. Ортақ қалтада сақталған файлдарды тікелей басып шығаруға болады. TIFF, JPEG және PRN файлдарын басып шығаруға болады.

Құрылғының қосымша функцияларын пайдалану




Модельдерге немесе параметрлерге байланысты кейбір функциялар қолжетімді емес болуы мүмкін. Бұл мүмкіндіктерге қолдау көрсетілмейді дегенді білдіреді (11-беттегі "Әр түрлі мүмкіндіктер" бөлімін қараңыз).

Принтер драйверінен

Қосымша құрылғы орнатылса, тапсырманы тексеру және **Басып шығару** терезесінде жеке тапсырманы басып шығаруды көрсету сияқты кеңейтілген басып шығару мүмкіндіктерін пайдалана аласыз. Жадыда сақтау құрылғысы немесе электрондық диск функциясын **Параметры устройства** ішінен тексеріңіз, бұдан кейін **Режим печати** ішінен түрлі функцияларды таңдауға болады (134-беттегі "Параметры устройства орнату" қараңыз).

- 1 Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
- 2 **Файл** мәзірінен **Басып шығару** пәрменін таңдаңыз. **Басып шығару** терезесі орын алады.

- 3 Принтер драйверін **Басып шығарғытшы таңдаңыз** тізімінен таңдаңыз.




- 4 **Сипаттар** немесе **Теңшелімдер** пәрменін таңдаңыз.
- 5 Әр қойындыны нұқып, **Режим печати** таңдаңыз.
- 6 Қажет параметрді таңдаңыз (339-беттегі "Принтердің арнайы мүмкіндіктерін түсіну" қараңыз).
- 7 **OK** параметрін таңдаңыз.


Басқару панелінен

Егер құрылғының қосымша жады немесе қосымша қатты дискісі бар болса, осы мүмкіндіктерді пайдалана аласыз.

Құрылғының қосымша функцияларын

Бақсару тақтасында  (**Menu**) түймесін басып > **Управление заданиями** тармағын таңдаңыз.

НЕМЕСЕ

Сенсорлық экраны бар модель үшін сенсорлық экранда  (**Папка документов**) > **Далее** > **Папки сист.** тармағын таңдаңыз.



Параметрлерге немесе модельдерге байланысты кейбір мәзірлер дисплейде шықпауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.

- **Текущее задание:** Барлық басып шығару керек басып шығару тапсырмалары принтерге жіберген ретпен белсенді тапсырмалар кезегінде тізілген. Басып шығару алдында тапсырманы кезектен жоюға немесе тапсырманы басып шығару спулеріне өткізуге болады.
- **Защищенное задание:** Қорғалған тапсырманы басып шығаруға немесе жоюға болады. Пайдаланушы принтер драйверінде орнатқан қорғалған тапсырмалар тізімін көрсетеді. Принтер драйверінде орнатылған пайдаланушы аты мен құпиясөзді енгізу қажет.
- **Сохраненное задание:** Сақталған жұмысты басып шығаруға немесе жоюға болады.

- **Политика файлов:** Қосымша жад арқылы тапсырманы жалғастыру алдында файл атауын жасау үшін файл саясатын таңдай аласыз. Қосымша жадта енгізген жаңа файл атауы әлдеқашан бар болса, оның атын өзгертуге немесе қайта жазуға болады.

Құрылғының қосымша функцияларын



5. Пайдалы басқару құралдары

Бұл тарауда құрылғыны толық пайдалануға көмектесетін басқару құралдары таныстырылады.

- | | |
|--|-----|
| • Басқару құралдарына қатынасу | 386 |
| • Easy Capture Manager | 387 |
| • Samsung AnyWeb Print | 388 |
| • Easy Eco Driver | 389 |
| • SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану | 390 |
| • Samsung Easy Document Creator пайдалану | 395 |
| • Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану | 396 |
| • Состояние принтера Samsung бағдарламасын пайдалану | 400 |
| • Samsung Printer Experience бағдарламасын пайдалану | 402 |
| • Linux Unified Driver Configurator құралын пайдалану | 409 |

Басқару құралдарына қатынасу

Samsung компаниясы Samsung принтерлеріне арналған көптеген басқару құралдарымен қамтамасыз етеді.

- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 **Бастау** мәзірінен **Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламаларда** тармағын таңдаңыз.
 - Windows 8 үшін, **Charms(Charms)** бөлімінен **Іздеу > Apps(Apps)** тармағын таңдаңыз.
- 3 **Принтер Samsung** тармағын табыңыз.
- 4 **Принтер Samsung** тармағының астында орнатылған басқару құралдарын көре аласыз.
- 5 Пайдаланғыңыз келетін басқару құралын басыңыз.



- Драйверді орнатқаннан кейін кейбір басқару құралдарына тікелей **Бастау мәзірі > Бағдарламалар** немесе **Барлық бағдарламаларда** тармағынан қатынаса аласыз.
- Windows 8 үшін, драйверді орнатқаннан кейін тиісті элементті басу арқылы кейбір басқару құралдарына тікелей **Бастау** тармағынан қатынаса аласыз.

Easy Capture Manager



- Windows жүйесінің пайдаланушыларына ғана қол жетімді.
- Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Бағдарламалық жасақтама" бөлімін қараңыз).

Жай пернетақтадағы Print Screen пернесін басу арқылы экранды түсіріңіз және Easy Capture Manager бағдарламасын іске қоса аласыз. Енді түсірілген экранды түсірілген немесе өңделген түрінде оңай басып шығаруға болады.

Samsung AnyWeb Print



- Windows жүйесінің пайдаланушыларына ғана қол жетімді.
- Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Бағдарламалық жасақтама" бөлімін қараңыз).

Бұл құрал жай бағдарламаны пайдаланғанда, Windows Internet Explorer беттерін оңайырақ экраннан түсіруге, алдын ала қарауға, қиюға және басып шығаруға көмектеседі.

Samsung веб-торабынан бағдарламалық жасақтаманы жүктеп алыңыз, содан кейін оны ашып, орнатыңыз. (<http://www.samsung.com> > өнімді табу > Қолдау немесе Жүктеулер).

Easy Eco Driver



Тек Windows жүйесінің пайдаланушылары үшін қол жетімді (9-беттегі "Бағдарламалық жасақтама" бөлімін қараңыз).

Easy Eco Driver бағдарламасының көмегімен басып шығару алдында қағазды және тонерді үнемдеу үшін Eco мүмкіндіктерін қолдануға болады.

Easy Eco Driver бағдарламасы, сонымен бірге, қарапайым өңдеуді орындауға мүмкіндік береді, мысалы, суреттерді және мәтіндерді жою және т.б. Жиі пайдаланылатын параметрлерді алдын ала орнатылған ретінде сақтауға болады.

Пайдалану әдісі:

- 1 Басып шығару керек құжатты ашыңыз.
- 2 **свойства печати** терезесін ашыңыз (75-беттегі "Басып шығару теңшелімдерін ашу" бөлімін қараңыз).
- 3 **Избранные настройки** қойындысынан **Эко печать-пред.просмотр** пәрменін таңдаңыз.
- 4 Терезеде **ОК > Печать** тармағын таңдаңыз. Алдын ала қарау терезесі пайда болады.
- 5 Құжатқа қолдану керек параметрлерді таңдаңыз.
Қолданылған мүмкіндіктерді алдын ала қарауға болады.
- 6 **Басып шығару** түймесін басыңыз.



Әр басып шығару кезінде Easy Eco Driver іске қосу қажет болса, басып шығарудың параметрлер терезесіндегі **Основной** қойындысындағы **Запустить драйвер Easy Eco перед печатью задания** құсбелгісін орнатыңыз.

SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану



- SyncThru™ Web Service үшін кемінде Internet Explorer 8,0 немесе одан жоғары нұсқасы қажет.
- SyncThru™ Web Service параметрлеріне немесе моделіне байланысты осы нұсқаулықтағы түсіндірме машинаңыздағыдан басқа болуы мүмкін.
- Тек желілік модель (9-беттегі "Бағдарламалық жасақтама" бөлімін қараңыз).

SyncThru™ Web Service бағдарламасына

- 1 Windows жүйесінен Internet Explorer сияқты веб-браузерге кіріңіз.
Мекенжай өрісіне принтердің машина IP мекенжайын (http://xxx.xxx.xxx.xxx) енгізіңіз және Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.
- 2 Құрылғының енгізілген веб-торабы ашылады.

SyncThru™ Web Service қызметіне кіру

SyncThru™ Web Service параметрлерді реттемес бұрын, жүйеге әкімші ретінде кіруіңіз қажет. SyncThru™ Web Service қызметін жүйеге кірместен пайдалана беруіңізге болады, бірақ **Настройки** қойындысы мен **Безопасность** қойындысына қол жеткізе алмайсыз.

- 1 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағында **Вход в систему** түймесін басыңыз.
- 2 **Идентификатор** мен **Пароль** енгізіп **Вход в систему** түймесін басыңыз. Қауіпсіздік мақсаттарында әдепкі құпиясөзді ауыстыру ұсынылады.
 - **Идентификатор:** admin
 - **Пароль:** sec00000

SyncThru™ Web Service қызметіне шолу



Информация

Настройки

Безопасность

Обслуживание



Үлгіге қарай, кейбір қойындылар көрсетілмеуі мүмкін.

SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану

Информация қойындысы

Бұл қойындыда құрылғы туралы жалпы ақпарат беріледі. Тонердің қалған мөлшері сияқты нәрселерді тексеруіңізге болады. Сондай-ақ, қате туралы есеп сияқты есептерді басып шығара аласыз.

- **Активные предупреждения:** Машинада пайда болған ескертулерді және олардың дәрежесін көрсетеді.
- **Расходные материалы:** Қанша беттер басып шығарылғанын және картриджде қалған тонер мөлшерін көрсетеді.
- **Счетчики использования:** Пайдалану санағын басып шығару түрлері бойынша көрсетеді: бір жақты және екі жақты.
- **Текущие параметры:** Машинаның және желінің ақпаратын көрсетеді.
- **Информация о безопасности:** Құрылғының қауіпсіздік ақпаратын көрсетеді.
- **Информация о печати:** Жүйеге қатысты есептер, электрондық пошта мекенжайы және қаріп есептері сияқты есептерді басып шығарады.

Адресная книга қойындысы

Мекенжай кітабын басқаруға болады. Сондай-ақ, бұл мүмкіндік құрылғыда қол жетімді

- **Отдельный:** Мекенжай кітабындағы тұлға жазбаларын басқаруға болады.
- **Группа:** Топтың мекенжай кітаптарын басқаруға болады.

Настройки қойындысы

Бұл қойынды құрылғыда және желіде ұсынылған конфигурацияларды орнатуға мүмкіндік береді. Бұл қойындыны көру үшін жүйеге әкімші ретінде кіруіңіз қажет.

- **Параметры устройства** қойындысы: Машина қамтамасыз ететін параметрлерді орнатады.
- **Параметры сети** қойындысы: Желі ортасының параметрлерін көрсетеді. TCP/IP және желі протоколдары сияқты параметрлерді орнатады.

SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану

Безопасность қойындысы

Бұл қойынды жүйе және желі қауіпсіздігі ақпаратын орнатуға мүмкіндік береді. Бұл қойындыны көру үшін жүйеге әкімші ретінде кіруіңіз қажет.

- **Безопасность системы:** Жүйелік әкімшінің ақпаратын орнатады, сонымен бірге, машина мүмкіндіктерін қосады немесе ажыратады.
- **Стандарт безопасности Сеть:** HTTPs, IPSec, IPv4/IPv6 сүзу, 802.1x және түпнұсқалық растама серверлері үшін параметрлерді орнатады.
- **Управление пользовательским доступом:** Пайдаланушы аутентификациясы үшін аутентификация әдістерін/режимдерін таңдауға болады. Жергілікті аутентификация үшін пайдаланылатын пайдаланушы профилін қосуға/жоюға/өзгертуге болады.
- **Системный журнал:** Жүйе журналында құрылғы оқиғалары журналдарына қатысты параметрлер бар.
 - **Конфигурация журнала:** Журнал теңшелімі журналдарды сақтауға байланысты параметрлерді қамтиды.
 - **Просмотр журнала:** Журналды қарау құралы құрылғыда жергілікті сақталған журналдарды қамтиды.

Обслуживание қойындысы

Бұл қойынды жабдықтың ішке орнатылған бағдарламасын жетілдіру және электрондық хаттар жіберу үшін байланыс ақпаратын орнату арқылы құрылғыға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Samsung веб-торабына қосылуыңызға немесе **Ссылка** мәзірін таңдау арқылы драйверлер жүктеп алуыңызға болады.

- **Обновление ПО:** Машинаның микробағдарламасын жаңартыңыз.
- **Управление приложением:** Бұл мүмкіндік тек сенсорлық экраны бар модельдер үшін қол жетімді. Қолданбаларды басқаруға болады. Сондай-ақ, жаңа қолданбаларды USB немесе URL арқылы орнатуға болады.
- **Управление лицензиями:** Управление лицензией функциясы орнатылған бағдарламалар және бағдарлама лицензияларының параметрлерін қамтиды.
- **Клонирование:** SyncThru™ Web Service ішінде **Клонирование** функциясы бар құрылғылар арасында түрлі параметрлерді (машина параметрі, желілік мәлімет, қойын дәптер, т.б.) импорттау немесе экспорттау (тасымалдау) мүмкіндігін береді.
- **Контактная информация:** Байланыс ақпаратын көрсетеді.
- **Ссылка:** Ақпаратты қотаруға немесе тексеруге болатын пайдалы тораптардың сілтемелерін көрсетеді.

SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану

Электрондық пошта ескертуін орнату

Осы параметрді орнату арқылы құрылғыңыздың күйі туралы электрондық пошта хабарларын алуыңызға болады. IP мекенжай, хост атауы, электрондық пошта мекенжайы және SMTP серверлік ақпараты сияқты мәліметті орнату арқылы құрылғы күйі (тонер картриджінің жеткіліксіздігі немесе құрылғы қатесі) белгілі бір адамның электрондық поштасына автоматты түрде жіберіліп тұрады. Бұл параметрді құрылғы әкімшісі жиірек пайдалана алады.



Параметрлерге немесе үлгілерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.

- 1 Windows жүйесінен Internet Explorer сияқты веб-браузерді іске қосыңыз.

Мекенжай жолағына құрылғының IP мекенжайын (http://xxx.xxx.xxx.xxx) енгізіп, Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.

- 2 Құрылғының енгізілген веб-торабы ашылады.

- 3 **Настройки** қойындысынан **Настройки устройства > Сообщение эл. почты** тармағын таңдаңыз.



Шығыс сервер ортасын теңшемесеңіз, электрондық поштамен хабарландыруды орнату алдында желі ортасын теңшеу үшін **Настройки > Параметры сети > Сервер исходящей почты (SMTP)** тармағына өтіңіз.

- 4 **Сообщение эл. почты** функциясын пайдалану үшін **Включить** құсбелгісін қойыңыз.

- 5 Электрондық пошта ескертуінің пайдаланушысын қосу үшін **Добавить** түймесін басыңыз.

Ескертілгенін қалайтын ескерту элементтерімен бірге алушы аты мен электрондық пошта мекенжай(лар)ын орнатыңыз.

- 6 **Применить** түймесін басыңыз.



Брандмауэр белсендірілген болса, электрондық пошта хабары сәтті жіберілмеуі мүмкін. Бұл жағдайда желі әкімшісіне хабарласыңыз.

Жүйелік әкімші туралы ақпаратты орнату

Бұл параметр электрондық пошта ескеруі опциясын пайдалану үшін қажет.

SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану



Параметрлерге немесе үлгілерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.

- 1 Windows жүйесінен Internet Explorer сияқты веб-браузерді іске қосыңыз.
Мекенжай жолағына құрылғының IP мекенжайын (http://xxx.xxx.xxx.xxx) енгізіп, Enter пернесін басыңыз немесе **Өту** түймесін басыңыз.
- 2 Құрылғының енгізілген веб-торабы ашылады.
- 3 **Безопасность** қойындысынан **Безопасность системы > Системный администратор** параметрін таңдаңыз
- 4 Әкімшінің атын, телефон нөмірін, орнын және электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз.
- 5 **Применить** түймесін басыңыз.

Samsung Easy Document Creator пайдалану

Samsung Easy Document Creator - пайдаланушыларға көптеген форматтарда, соның ішінде .erub форматындағы құжаттарды сканерлеуге, жинауға және сақтауға мүмкіндік береді. Бұл құжаттарды әлеуметтік желі сайттары немесе факс көмегімен бөлісуге болады. Сіз кітапханада іздеуді ұйымдастыратын студент не соңғы туған күнді мерекелеуде жасалып сканерленген фотосуреттермен бөліскіңіз келсе, Samsung Easy Document Creator қажет құралдармен қамтамасыз етеді.

Samsung Easy Document Creator төмендегі функциялармен қамтамасыз етеді:

- **Сканирование изображения:** Бір немесе бірнеше суретті сканерлеу үшін пайдаланыңыз.
- **Сканирование документа:** Мәтіні немесе мәтіні мен суреттері бар құжаттарды сканерлеу үшін қолданылады.
- **Преобразование текста:** Өзгертілетін мәтін форматында сақталуы тиіс құжаттарды сканерлеу үшін қолданылады.
- **Сканирование книги:** Планшетті сканер көмегімен кітаптарды сканерлеу үшін қолданылады.
- **Загрузка в социальную сеть:** Сканерленген кескінді немесе бұрыннан бар кескінді әлеуметтік желілерді түрлендіру үшін оңай, әрі жылдам жүктеп салу жолымен қамтамасыз етеді.
- **Преобразование в электронную книгу:** Бірнеше құжатты бір электрондық кітап ретінде сканерлеу немесе бұрыннан бар файлдарды электрондық кітап пішіміне түрлендіру мүмкіндігін береді.

- **Плагин:** Электрондық кітапты тікелей Microsoft Office бағдарламасы арқылы сканерлеңіз, факспен жіберіңіз немесе түрлендіріңіз.



Справка (?) түймешігін таңдаңыз немесе білгіңіз келетін кез келген параметрді нұқыңыз.

Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану



- Модельге немесе қосымшаларға байланысты бұл мүмкіндік қол жетімді болмауы мүмкін (9-беттегі "Бағдарламалық жасақтама" бөлімін қараңыз).
- Windows және Mac жүйесінің пайдаланушылары үшін ғана қол жетімді (9-беттегі "Бағдарламалық жасақтама" қараңыз).
- Windows жүйесінде Samsung Easy Printer Manager бағдарламасы үшін Internet Explorer 6.0 немесе одан жоғары нұсқасы ең жоғары талап болып табылады.

Samsung Easy Printer Manager – Samsung құрылғысының параметрлерін бір жерге біріктіретін бағдарлама. Samsung Easy Printer Manager бағдарламасы құрылғы параметрлерін, сонымен бірге, басып шығару орталарын, параметрлерін/әрекеттерін және іске қосуды біріктіреді. Осы мүмкіндіктердің барлығы Samsung машинасын ыңғайлы пайдалануға жол ашады. Samsung Easy Printer Manager пайдаланушыға таңдау үшін екі түрлі пайдаланушылық интерфейсті қамтамасыз етеді: негізгі пайдаланушылық интерфейс және кеңейтілген пайдаланушылық интерфейс. Екі интерфейсстің арасында ауысу оңай: жай түймені басыңыз.

Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын түсіну

Бағдарламаны ашу үшін:

Windows жүйесінде

Старт > Программы немесе Все программы > Samsung Printers > Samsung Easy Printer Manager тармағын таңдаңыз.

- Windows 8 жүйесі үшін **Charms** ішінен **Поиск > Приложения > Samsung Printers > Samsung Easy Printer Manager** тармағын таңдаңыз.

Mac үшін,


Applications қалтасын > **Samsung** қалтасын > **Samsung Easy Printer Manager** тармағын ашыңыз.

Samsung Easy Printer Manager интерфейсі төмендегі кестеде сипатталған әр түрлі негізгі бөлімдерден тұрады:




Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану




Скриншот пайдаланып жатқан операциялық жүйеге байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.




1	Принтер тізімі	Принтер тізімі компьютерде орнатылған принтерлерді және желіде іздеу арқылы қосылған желілік принтерлерді (тек Windows) көрсетеді.
---	----------------	--

2	Принтер ақпараты	<p>Бұл аймақ машина туралы жалпы ақпаратты береді. Машина моделінің атауы, IP мекенжайы (немесе порт атауы) және машинаның күйі сияқты ақпаратты тексере аласыз.</p> <p> Желідегі Руководство пользователя көруге болады.</p> <p>Troubleshooting түймесі: Бұл түйме қате болғанда Руководство по устранению неисправностей нұсқаулығын ашады. Пайдаланушы нұсқаулығындағы қажет бөлімді тікелей ашуға болады.</p>
3	Бағдарлама ақпараты	<p>Кеңейтілген параметрлер (пайдаланушы интерфейсін ауыстырып қосу), теңшелімдер, анықтама және «Бағдарлама туралы» сілтемелерін қамтиды.</p> <p>  түймесі пайдаланушылық интерфейсін кеңейтілген параметрлер пайдаланушылық интерфейсін ауыстыру үшін пайдаланылады (398-беттегі "Кеңейтілген параметрлер пайдаланушылық интерфейсіннің шолуы" бөлімін қараңыз).</p>

Samsung Easy Printer Manager бағдарламасын пайдалану

4	Жылдам сілтемелер	Машинаның функцияларын Быстрые переходы жылдам сілтемелерін көрсетеді. Сондай-ақ, бұл бөлім кеңейтілген параметрлердегі бағдарламаларға сілтемелерді қамтиды.  Егер құрылғыны желіге қоссаңыз, SyncThru™ Web Service белгішесі қосылады.
5	Мазмұны аймағы	Таңдалған машина, қалған тонер деңгейі және қағаз туралы ақпаратты көрсетеді. Таңдалған машинаға байланысты ақпарат өзгеріп отырады. Кейбір құрылғыларда мұндай мүмкіндік болмайды.
